



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Қазақстан Республикасының төлем балансы және сыртқы борышы

2015 жылғы

Мамыр, 2016

Бұл жарияланымды Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті дайындады. Жарияланымда Қазақстан Республикасының сыртқы секторының дамуындағы соңғы үрдістер көрсетіледі және елдің төлем балансына, халықаралық инвестициялық позициясына және сыртқы борышына байланысты статистикалық есептер, сондай-ақ осы есептерге талдамалық түсініктемелер берілген. Статистикалық есептер жан-жақты жасалған талдамалық кестелермен, сыртқы сектордың статистикасын жасау әдіснамасын және оны жасауға арналған ақпарат көздерін сипаттаумен толықтырылған. Жеке статистикалық қосымшалармен инвестициялардың түрлері бойынша халықаралық инвестициялардың қорлары мен ағындарының құрылымы берілген. Жарияланымның кезеңділігі тоқсан сайын – басылым қаңтар, сәуір, шілде және қазан айларында шығады. Үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде шығарылады.

Статистикалық деректер әдіснамасы өзгерген және (немесе) сыртқы экономикалық операциялар туралы қосымша ақпарат алған кезде бұрын жарияланған тарихи деректер қатары түзетілуі мүмкін. Регламентке сәйкес Қазақстан Республикасы сыртқы секторының статистикалық деректерін қайта қарау жылына екі рет – жарты жылдық және жылдық төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш жөніндегі есептерді жасау кезінде жүзеге асырылады және есепті жылдың алдындағы екі жылды қамтиды. Жаңартылған деректер жыл сайын мамырда және қарашада жарияланады.

Деректерді нақтылаудың негізгі көзі есептерді жасау кезінде қосымша түскен ақпаратты алу - валюталық операциялар туралы хабарлау және тіркеу шеңберінде алынған деректер, төлем балансы жөніндегі статистикалық есепті қоспағанда, басқа ақпарат көздерінен алынған деректермен салыстырған кезде статистикалық сәйкессіздіктерді анықтау, сондай-ақ ресми сауда статистикасының деректерін нақтылау болып табылады.

Осы жарияланымда келтірілген кестелердегі жекелеген жағдайларда деректерді дөңгелектеу салдарынан қорытындылар және қосылатын сома арасындағы соңғы разрядта шамалы айырмашылықтар болуы ықтимал.

Осы жарияланымға арналған статистикалық деректерді қалыптастыру күні - 2016 жылғы 31 наурыз. 2013-2014 жылдардағы деректерді соңғы жаңарту күні - 2016 жылғы 31 наурыз.

Ұсынылған статистикалық деректер бойынша қосымша ақпаратты Төлем балансы және валюталық реттеу департаментінен алуға болады

мекен-жайы: 050040, Алматы қаласы, Көктем-3 ш/а, 21-үй

телефондары: (727) 270-49-38 (төлем балансы)

(727) 270-46-40 (халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш)

электрондық почта: zhumabekova@nationalbank.kz

Төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш жөніндегі стандартты және талдамалы түрде көрсетілген статистикалық есептерді, сондай-ақ осы есептерді жасауға арналған әдіснамалық түсініктемелерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің <http://www.nationalbank.kz> веб-сайтынан алуға болады. Көрсетілген статистикалық есеп ҚҰБ-нің веб-сайтына есептік кезең аяқталғаннан кейін 90-шы күні қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылады.

Мазмұны

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы төлем балансы	5
<i>Төлем балансына қосымшалар:</i>	
1. Қазақстан Республикасының төлем балансы: талдамалық ұсыным.....	23
2. Қазақстан Республикасының төлем балансы: экономиканың секторлары бойынша талдау	25
3. Қазақстан Республикасының төлем балансы стандартты ұсыным, негізгі баптар.....	27
4. Қазақстан Республикасының төлем балансы: стандартты ұсыным	28
I қосымша. Төлем балансына талдау қосымшалары	
I.1. ҚР-ның 2014 және 2015 жылдарғы сыртқы сауда айналымы	37
I.2. Ресми статистика деректері бойынша экспорттың және импорттың құрылымы	38
I.3. Ресми статистика деректері бойынша жекелеген тауарлардың экспорты бойынша бағаны талдау және сандық жеткізулер	39
I.4. Ресми статистика деректері бойынша сыртқы сауданың географиялық құрылымы..	40
I.5. 2013-2015 жылдар үшін кеңейтілген жіктеу бойынша ҚР-ның халықаралық қызмет балансы	41
I.6. Қызметтердің сыртқы саудасының географиялық құрылымы	43
I.7. 2014-2015 жылдардағы елдер және қызмет түрлері бойынша Қазақстан Республикасы қызметтерінің сыртқы саудасы.....	44
I.8. Бастапқы кірістердің балансы	59
I.9. Қайталама кірістердің балансы	60
I.10. 2014-2015 жылдар үшін жеке трансферттер (жеке тұлғалардың ақша аударымдары)	61
I.11. Қаржы шотының ағындары (талдамалық ұсыну)	62
I.12. Қысқамерзімді капитал ағындары	63
I.13. Жеке сектордың капиталды таза әкелуі/әкетуі	64
I.14. Нақты тиімді айырбас бағамының индексі	65
I.15. Мұнай саудасын есептемегенде нақты тиімді айырбас бағамының индексі	66
Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы халықаралық инвестициялық позициясы	67
<i>Халықаралық инвестициялық позицияға қосымшалар:</i>	
1. Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы: стандартты ұсыным	74
2. Резиденттердің экономиканың секторлары бойынша Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы	80
3. Қазақстандық банктердің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша резидент еместерге берген кредиттері бойынша берешек	82
4. Резиденттердің экономикалық қызметінің түрлері бойынша Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы	83
5. Қазақстанның елдер бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	85
6. Қазақстан резиденттерінің олардың экономикалық қызметі және негізгі елдер бойынша сыртқы міндеттемелері	89
II қосымша. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар	
II.1. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезеңнің аяғындағы позиция.....	92
II.2. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезең үшін ағындар	93
II.3. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезең үшін кірістер	95
II.4. Резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстанға тікелей инвестициялардың жалпы ағыны (келуі).....	97
II.5. Елдер бойынша Қазақстан Республикасына шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы ағыны(келуі)	99

II.6. Резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша қазақстандық тікелей инвесторлардан шетелге тікелей инвестициялардың жалпы ағыны (қайтуы)	102
II.7. Елдер бойынша қазақстандық тікелей инвесторлардан шетелге тікелей инвестициялардың жалпы ағыны (қайтуы)	104
Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы сыртқы борышы.....	106
<i>Сыртқы борышқа қосымшалар:</i>	
1. Сыртқы борыш: стандарттық ұсыным	114
2. Сыртқы борыштың абсолюттік және салыстырмалы өлшемдері	116
3. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бар сыртқы борышқа қызмет көрсету бойынша төлем кестесі	117
4. Сыртқы борыштың жай-күйі: Өтеуге дейін қалған мерзім бойынша қысқамерзімді борыш, секторлар бойынша	118
5. Сыртқы борыштың жай-күйі: ұлттық және шетел валютасындағы сыртқы борыш.....	120
6. Сыртқы борыштың жай-күйі: шетел валютасындағы сыртқы борыш	121
7. Сыртқы борыштың жай-күйі: резиденттер шығарған және резидент еместерге эмиссия орны бойынша тиесілі борыштық бағалы қағаздар	122
8. Елдер бойынша сыртқы борыш	123
9. Резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша сыртқы борышы	125
10. Мемлекеттік сектордың кеңейтілген айқындаудағы 2015 жылғы 31 желтоқсандағы сыртқы борышы	126
11. Сыртқы борыштың жай-күйі: Кредиторлар мен қарыз алушылардың секторлары бойынша сыртқы борыш	127
12. Сыйақы мөлшерлемелерінің түрі бойынша сыртқы борыш	128
13. Сыртқы борыштың жай-күйі: Ағындар мен қорларды келісу	129
14. 2015 жылы жасалынған шарттар бойынша мемлекеттік емес сыртқы қаржылық қарыздар мониторингінің нәтижелері	130
III қосымша. Өткен кезеңдерде Қазақстанның төлем балансына және халықаралық инвестициялық позициясына енгізілген негізгі өзгерістердің тізбесі	149
IV қосымша. Статистикалық әдіснама	
IV.1. Төлем балансына және халықаралық инвестициялық позицияға әдіснамалық түсіндірме	156
IV.2. Қазақстанның төлем балансын және халықаралық инвестициялық позициясын жасаудың ақпараттық базасы	162
IV.3. Төлем балансының талдау индекстері мен бағалау көрсеткіштерін есептеу әдістемелері	167
IV.4. Сыртқы сектор статистикасының жаңа әдіснамасына өтуі туралы	172
IV.5. Сыртқы борыш көрсеткіштерінің Қазақстан Республикасының халықаралық инвестициялық позициясының баптарына сәйкестігі	174

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2015 ЖЫЛҒЫ ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

Төлем балансында белгіленген уақыт кезеңі үшін әлемдегі қалған елдермен елдің экономикалық операциялары (резиденттер және резидент емес) жиынтық түрде көрсетіледі. Төлем балансының деректері нақты және қаржы ресурстарының барлық түрлерімен сыртқы экономикалық қатынастар динамикасында сипатталатын ағындардың экономикалық санатын білдіреді. Төлем балансында халықаралық операцияларды жүргізуге байланысты емес қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері құнының өзгерістері көрсетілмейді.

Мұнайдың әлемдік бағасының динамикасы, ұлттық валютаның еркін баға белгілеуге өтуі, сондай-ақ мемлекеттік сектордың сыртқы қарыз алуы және

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (ҚРҰҚ) операциялары Қазақстанның 2015 жылғы төлем балансының жай-күйіне әсер еткен айқындалушы факторлары болды.

1-кесте

Қазақстанның сыртқы секторының негізгі көрсеткіштері

	2011	2012	2013	2014	2015
Ағымдағы операциялар шотының сальдосы (млрд. долл.)	10,2	1,1	1,2	6,4	-5,8
- ІЖӨ-ге %-бен	5,4	0,5	0,5	2,9	-3,1
Тауарлар және қызмет көрсету экспорты (кезең үшін млрд. долл.)	89,5	91,8	90,9	86,8	52,8
- ІЖӨ-ге %-бен	47,7	45,1	39,3	40,0	28,5
Тауарлар және қызмет көрсету импорты (кезең үшін млрд. долл.)	51,3	61,5	63,3	56,5	45,5
- ІЖӨ-ге %-бен	27,3	30,3	27,3	26,0	24,6
Шетелдік тікелей инвестициялар (нетто-ағын) (кезең үшін млрд. долл.)	8,6	11,9	8,0	4,8	3,4
- ІЖӨ-ге %-бен	4,6	5,8	3,5	2,2	1,8
ҚҰБ халықаралық резервтері (кезеңнің аяғында млрд. долл.)	29,3	28,3	24,7	29,2	27,9
- тауарлар және қызмет көрсету импорты айларында	6,9	5,5	4,7	6,2	7,4
ҚР Ұлттық Қоры (кезеңнің аяғында млрд. долл.)	43,7	57,9	70,8	73,2	63,4
Мұнай және газ конденсатының экспорты (млн. тонн)	69,6	68,1	70,7	68,2	63,6
Brent сұрыпты өңделмеген мұнайдың әлемдік бағасы (spot USD/баррель, орташа алғанда бір жыл үшін)	110,9	112,0	108,8	98,9	52,4
Биржалық айырбас бағамы KZT/USD (орташа кезең үшін)	146,6	149,1	152,2	179,5	222,5
Нақты тиімді айырбас бағамы индексінің өзгеруі (өткен жылғы желтоқсанға %-бен)	3,5	0,1	-0,3	6,2	-29,9
Анықтамалық: Ағымдағы бағамен ІЖӨ (млрд. долл., кезең үшін)	187,8	203,3	231,5	217,3	185,0
- нақты өсу (%)	7,5	5,0	6,0	4,3	1,2

Brent сұрыпты мұнайдың әлемдік бағасының орташа деңгейі 2014 жыл үшін бір баррель үшін 98,9 долл.¹ болып, 2015 жылы бір баррель үшін 52,4 долларды құрады. Бұл ретте жылдың соңында мұнайдың бағасы бір баррель үшін 40 долл. белгісінен төмен түсті.

Нәтижесінде мұнайдың баға белгілеуінің барынша құлдырауы нәтижесінде есепті кезеңдегі² төлем балансының ағымдағы шоты бірінші рет соңғы бес жылда теріс сальдомен қалыптасты. ІЖӨ-нің нақты өсу қарқыны

қысқарған кезде ағымдағы операциялар шотының дефициті есепті жылы ІЖӨ-ге қатысты (-)3,1% болды (1-кесте).

Ағымдағы шот дефицитінің өсу факторларының бірі Қазақстанның негізгі сауда әріптес елдері валюталарымен салыстырғанда және ең алдымен, Ресей рублімен салыстырғанда теңгенің нақты нығаюы болды. Ресей рублі бағамының күрт әлсіреуінің салдары қазақстандық өнім шығарушылардың бағамдық бәсеке қабілеттілігінің жоғалуына себепші болды, бұл екі жақты сауда қатынастарын ескере отырып, Ресей тауарларын әкелудің нақты көлемінің өсуіне ғана емес, сондай-ақ

¹ Мұнда және бұдан әрі мәтін бойынша – АҚШ доллары

² Мұнда және бұдан әрі есепті кезең ретінде 2015 жыл, ал базалық кезең ретінде 2014 жыл қаралады.

қазақстандық экспорттың төмендеуіне әкелді.

Инфляциялық таргеттеу шеңберінде теңге еркін өзгеруге өткеннен кейін, сондай-ақ 2015 жылғы қарашада Ұлттық Банк теңгенің бағамын қолдау бойынша операцияларды барынша азайтқаннан кейін 2015 жылғы тамыздағы бағамды түзету бағамдық бәсеке қабілеттілігін қалпына келтіруге және таза экспорттың құлдырау қарқынын баяулатуға мүмкіндік берді (1-диаграмма).

2015 жылғы желтоқсанда биржалық айырбастау бағамы жылдың басынан бастап нақты көрсетуде 80,2%-ға құнсызданып, бір доллар үшін 327,80 теңге болды. Нақты көрсетуде теңгенің әлсіреуі маңызды болған жоқ.


Жыл бойы теңгенің нақты тиімді айырбастау бағамы (НТАБ) индексінің динамикасы түрлі бағытта болды. Мәселен, бірінші жартыжылдықта рубльдің айтарлықтай құнсыздануының ықпалымен, сондай-ақ сандық жұмсарту шаралары нәтижесінде еуроның салыстырмалы түрде әлсіреуімен НТАБ индексі сауда әріптестері елдерінің валюталарының қоржынына қатынасы бойынша теңгенің нақты нығаятын көрсетті. Жылдың екінші жартысында ұлттық валюта бағамын түзету теңгенің нақты көрсеткіште біршама әлсіреуіне себепші болды.

2015 жылдың соңында есептелген нақты тиімді айырбастау бағамының индексі 2014 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 29,9%-ға қысқарды және 2013 жылғы желтоқсандағы бәсеке қабілеттілігінің базалық деңгейіне 74,4% болды. Бұл ретте ТМД елдері валюталарының қоржынына НТАБ индексі 2014 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 29,1%-ға, ал қалған елдердің валюталарына - 30,1%-ға азайды.

Негізгі сауда әріптестері елдерінің валюталарына қатынасы бойынша есепті жылы теңгенің нақты әлсіреуі: АҚШ доллары - 36,5%, еуро – 27,7%, юань – 34,4%, ресей рублі - 29,3% болды. 2015 жылғы қарашада қалыптасқан теңгенің


нарықтық бағамы рубль/теңге нақты айырбастау бағамының теңдестігін 2013 жылғы желтоқсандағы деңгейде қалпына

1-диаграмма. Негізгі факторлардың ҚР сыртқы саудасына ықпалы



келтіруді қамтамасыз етті (2-диаграмма).

2- диаграмма. Теңгенің негізгі валюталарға нақты айырбастау бағамдары (2013 желтоқсан = 100)



Ағымдағы шот дефициті қаржы операцияларының шоты бойынша капиталдың таза ағынымен қаржыландырылды, ол ҚРҰҚ-дан ресурстарды тарту, шетелдік тікелей инвестициялар және үкіметтік қарыз алу, сондай-ақ Ұлттық Банктің резервтік активтері есебінен қамтамасыз етілді.

2-кесте

Ағымдағы түсімдер мен ағымдағы төлемдердің құрылымы

млн. АҚШ долл.

	2011	2012	2013	2014	2015
Ағымдағы түсімдер	94 509,5	96 477,3	96 264,4	91 460,4	56 482,3
Тауарлар экспорты	85 193,9	86 931,1	85 595,4	80 242,8	46 294,2
Қызмет көрсету экспорты	4 337,7	4 828,2	5 298,3	6 594,4	6 480,4
Алынған бастапқы кірістер	2 232,0	2 089,6	2 320,4	2 033,1	1 987,1
Алынған қайталама кірістер	2 745,9	2 628,5	3 050,3	2 590,1	1 720,6
Ағымдағы төлемдер	84 310,9	95 419,7	95 077,3	85 085,4	62 305,5
Тауарлар импорты	40 349,8	48 785,8	50 803,2	43 548,2	33 645,3
Қызмет көрсету импорты	10 972,9	12 758,1	12 458,4	12 915,4	11 851,1
Төленген бастапқы кірістер	29 977,1	30 206,6	27 468,1	24 701,0	13 502,3
Төленген қайталама кірістер	3 011,1	3 669,1	4 347,6	3 920,9	3 306,8
Ағымдағы шот сальдосы	10 198,6	1 057,7	1 187,1	6 375,0	-5 823,2

Сонымен қатар Ұлттық Банктің халықаралық резервтерін және ҚРҰҚ-дың сыртқы активтерін қамтитын елдің ресми резервтері ғаламдық экономикалық дағдарыс жағдайларында Қазақстанның сыртқы тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, 2015 жылдың соңында 91,3 млрд. долл. (ІЖӨ-ге қатынасы бойынша 49,3%) болды.

Ағымдағы операциялар шоты

2015 жылдың нәтижелері бойынша ағымдағы операциялар шоты 2014 жылғы 6,4 млрд. долл. профицитпен салыстырғанда 5,8 млрд. АҚШ доллары теріс сальдомомен қалыптасты.

Резиденттердің кірістері мен шығыстарының қысқаруы ағымдағы операциялар шотының барлық негізгі құрауыштары бойынша болды. Ағымдағы түсімдер мен төлемдер құрылымында ең көп құлдырау базалық кезеңмен салыстырғанда тауарлар экспортынан түсімдер және резидент еместердің инвестициялық кірістерінің төлемдері бойынша байқалды (2-кесте).

Тауарлар экспортының құлдырау қарқыны тауар импортының төмендеу қарқынынан басым болды, нәтижесінде тауарлардың таза экспорты 2015 жылы 2014 жылмен салыстырғанда 3 есе дерлік (24 млрд. долл.) қысқарды.

Тауар айналымының ІЖӨ-ге қатынасы ретінде есептелген экономиканың ашықтық көрсеткіші ІЖӨ-

дегі экспорттың үлесі 11,8%-ға, ал импорт - 2,7%-ға азайған кезде 14,5%-дан 41%-ға дейін төмендеді (3-кесте).

3-кесте

Экономиканың ашықтығы

(ІЖӨ-ге пайызбен)

	2011	2012	2013	2014	2015
Экспорт	44,9	42,5	36,6	36,6	24,7
Импорт	19,6	22,8	21,1	19,0	16,3
Тауар айналымы	64,5	65,3	57,7	55,6	41,0


Қазақстандық экспорттың негізгі тауарларының қолайсыз конъюнктурасы аясында шетелдік тікелей инвесторлардың республиканың шикізат саласындағы кәсіпорындарына салымдарынан кірістерінің айтарлықтай қысқаруы ағымдағы шотқа қысымды азайтып, бастапқы кірістердің теріс сальдосын дерлік екі есеге (11,2 млрд.долл.) азайтуға себепші болды.

Ағымдағы операциялар шотының басқа құрауыштары бойынша халықаралық қызмет көрсету балансының теріс сальдосы 950 млн. долларға қысқарды, ал трансферттік операциялардың (қайталама кірістер) балансы 255 млн.долларға өсті. (3-диаграмма).

2015 жылы мұнай бағасының күрт құлдырауына байланысты негізгі теріс сценарийлер іске асты, сонымен қатар бағамдық теңгерімсіздіктерді жоя отырып ағымдағы шоттың көрсеткіштері жаңа экономикалық жағдайларға бейімделді. 2016 жылы ағымдағы шотқа қысым

көрсету факторларының әлсіреуімен ағымдағы шот дефициті көрсеткішінің кейінгі кезеңдерде оның бұдан әрі қысқаруымен тұрақтануы күтіледі.

3-диаграмма. Ағымдағы шоттың негізгі құрауыштары (млрд. АҚШ долл.)



Сыртқы сауда және сауда балансы

Төлем балансын жіктеу бойынша сыртқы сауда айналымы (ресми статистиканың деректеріне түзетулерді және СИФ импортының құнын ФОБ бағасына дейін түзетуді ескере отырып) 2015 жылы 2014 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 43,9 млрд.долларға (35,4%-ға) қысқарып, 79,9 млрд. АҚШ долларын құрады. Тауарлар экспорты 46,3 млрд.долларға дейін 42,3%-ға азайды, импорт 33,6 млрд.долларға дейін 22,7%-ға төмендеді. Сауда балансының оң сальдосы 2014 жылғы 36,7 млрд.долларға қарағанда 12,6 млрд. долларды құрады.

Қазақстанның экспорт бағаларының жиынтық индексі 39%-ға, ал импорт бағасының индексі - 11%-ға қысқарды, нәтижесінде экспорттың келісімшарттық бағалары өзгеруінің импорттың келісімшарттық бағалары өзгеруінің қатынасы ретінде есептелетін сауда талаптарының орташа алынған индексі 2014 жылға қарағанда 31%-ға төмен болды (4-кесте).

4-кесте

Бағалар индексінің және сауда талаптарының өзгеруі

(алдыңғы жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда пайызбен)

	Экспорттық бағалар	Импорттық бағалар	Сауда талаптары
2014	-4	-3	-1
1 тоқ.	-4	4	-8
2 тоқ.	-5	5	-9
3 тоқ.	4	-8	14
4 тоқ.	-12	-14	2
2015	-39	-11	-31
1 тоқ.	-34	-19	-19
2 тоқ.	-41	-13	-32
3 тоқ.	-39	-10	-32
4 тоқ.	-42	0	-42

5-кесте

Қазақстан Республикасы экспортының тауарлық құрылымы

(ресми статистика деректері бойынша)

Тауарлар тобы	2014	2015
құны (млн. АҚШ долл.)		
Барлық тауарлар	79 459,9	45 725,6
Негізгі номенклатура, оның ішінде	75 610,7	43 522,6
Минералдық өнімдер	63 890,5	32 755,0
оның ішінде мұнай және газ конденсаты	53 626,9	26 774,8
Қара металдар	3 383,1	2 496,4
Түсті металдар	3 909,0	4 034,6
Астық	1 135,0	817,7
Басқа да тауарлар	3 849,2	2 203,0
үлес салмағы (%)		
Барлық тауарлар	100%	100%
Негізгі номенклатура, оның ішінде	95,2%	95,2%
Минералдық өнімдер	80,4%	71,6%
оның ішінде мұнай және газ конденсаты	67,5%	58,6%
Қара металдар	4,3%	5,5%
Түсті металдар	4,9%	8,8%
Астық	1,4%	1,8%
Басқа да тауарлар	4,8%	4,8%

Ресми статистикада тіркелетін **тауарлар экспорты** 2015 жылы 45,7 млрд.долларды құрады, ол 2014 жылға қарағанда 33,7 млрд.долларға аз.

Экспорттың жалпы құнында минералдық өнімдер үлес салмағының 8,8%-ға қысқаруы экспорттың тауарлық шоғырлануының төмендеуіне әкелді, оның коэффициенті 2014 жылғы 81%-ға қарағанда 73,3%-ды құрады. Құнның

төмендеуі, экспорттың өсімі 126 млн. доллар болып тіркелген түрлі түсті металдар тобын қоспағанда, Қазақстанның барлық негізгі экспорттық позициялары бойынша байқалды (5-кесте).

Әлемдік бағалардан кейін мұнайдың келісімшарттық бағасы 46,4%-ға төмендеді және бір тонна үшін 421,1 доллар (базалық кезеңде 786,1 доллар) болды. Мұнай мен газ конденсатын сандық әкету 4,6 млн. тоннаға жуық азайып, 63,6 млн. тонна болды.

Түрлі түсті металдар тобы бойынша мыс, алюминий, қорғасын және мырыш әлемдік бағасының 19,7%, 10,9%, 14,7% және 10,6%-ға төмендеуі экспорттың келісімшарттық бағаларының осы өнімге тиісінше 18%, 4%, 11% және 4%-ға қысқаруына себепші болды. Алтын мен күмістің 8,2% және 17,5%-ға әлемдік бағаларының түсуі кезінде күмістің экспорттық бағалары - 15,9%-ға, алтынның бағасы - 9,6%-ға қысқарды.

Баға факторы экспорт құнының қысқаруына басым үлес қосты. Бұл ретте нақты көлемдердің ұлғаюы мыстың 36,9%-ға, алюминийдің - 13,2%-ға және күмістің - 23,8%-ға сандық жеткізулерінің өсуі есебінен түрлі түсті металдар тобы бойынша ғана байқалды (6-кесте).

Ресми статистикада тіркелетін **тауарлар импорты** 2015 жылы 30,2 млрд.долларды құрады, ол 2014 жылғы деңгейден 26,9%-ға төмен (7-кесте). 2015 жылдың қорытындылары бойынша

импорттың тауарлық шоғырлануының коэффициенті 36,6%-ды құрады (2014 жылы 35,5%).

Құнның төмендеуі басым түрде инвестициялық және тұтыну тауарлары бойынша неғұрлым қысқарумен импорттық номенклатураның барлық негізгі тауар топтары бойынша тіркелді. Инвестициялық импорттың 4,2 млрд.долларға (27,9%) құлдырауы телефон аппараттары (32%-ға төмендеу), есептеу машиналары (50,4%-ға), самосвал - автомобильдер (52,1%-ға), моторлы көлік құралдарының шанағы (78,5%-ға), бульдозерлер (57,5%-ға), теміржол локомотивтері (93,5%-ға) және вагондар (71,5%-ға) сияқты тауарлардың әкелінуінің азаюымен байланысты.

Тұтыну импорты 4,1 млрд.долларға, оның ішінде азық-түлікке жатпайтын тауарлардың әкелінуі есебінен қысқарды. Азық-түлікке жатпайтын импорт құрылымында жеңіл автомобильдерді әкелу анағұрлым айтарлықтай - 1,4 млрд. долларға (63,2%,) 0,8 млрд. долларға дейін азайды. Нәтижесінде импорт көлемдері бойынша бірінші орынға дәрі-дәрмектер шықты, оның жиынтық әкелінуі 0,9 млрд. долларды (2014 жылмен салыстырғанда 183 млн. долларға аз) құрады. Азық-түлікке жатпайтын тұтыну тауарлары тобында дәрі-дәрмектің үлес салмағы 18%-ға дейін (базалық кезеңде 13,2%) өсті, жеңіл автомобильдердің үлесіне 16,7% (базалық кезеңде 27,9%) тиесілі.

6-кесте

Бағалардың және нақты жеткізу көлемдері өзгеруінің экспорт құнына әсері

(ресми статистика деректері бойынша 2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы)

Тауарлар тобы	Экспорт, млн. АҚШ доллары		Өзгеруі (өсімі (+), төмендеуі (-))	Оның ішінде өзгеруі есебінен	
	2015 жыл	2014 жыл		бағалардың	нақты көлемдерінің
Барлық тауарлар	45 725,6	79 459,9	-42%	-38%	-7%
Негізгі номенклатура, оның ішінде	43 522,6	75 610,7	-42%	-39%	-6%
Минералдық өнімдер	32 755,0	63 890,5	-49%	-44%	-8%
оның ішінде мұнай және газ конденсаты	26 774,8	53 626,9	-50%	-46%	-7%
Қара металдар	2 496,4	3 383,1	-26%	-24%	-3%
Түсті металдар	4 034,6	3 909,0	3%	-14%	19%
Астық	817,7	1 135,0	-28%	-16%	-14%
Басқа да тауарлар	2 203,0	3 849,2	-43%	-28%	-21%

Аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарларын әкелу 2,5 млрд. долларға (19,8%-ға) төмендеді, оның ішінде мұнай өңдеу өнімдерін, мұнай және газ конденсатын (175 млн. долларға төмендеу), сондай-ақ шиналар мен пневматикалық дөңгелек қапты, темірден жасалған шыбықтарды, сүректен жасалған жұқа тақтайлар сияқты тауарларды әкелудің қысқаруы салдарынан 0,5 млрд.долларға төмендеді.

Тауар импортының жалпы көлемінде аралық импорт үлес салмағының 34,1%-ға (3%) дейін өсуі кезінде, инвестициялық және азық-түлікке жатпайтын импорттың үлесі тиісінше 36,8% және 17%-ға дейін (0,5% және 3,2%) төмендеді.

Бағасы мен саны факторларының ресми импорттың құнына ықпалын талдау базалық кезеңге қарағанда, импорт құнының 27%-ға қысқаруы нақты көлемдердің 4%-ға төмендеуі кезінде басым түрде орташа келісімшарттық бағалардың 24%-ға құлдырауы есебінен болғанын көрсетеді.

Бағалық құрауыштардың қысқаруы, басқа тауарларды қоспағанда, импорттың барлық топтары бойынша байқалды. Саны бойынша жеткізілімдердің неғұрлым көп төмендеуі азық-түлікке жатпайтын және

басқа импорт бойынша болды. Бұл ретте нақты көрсеткіш бойынша импорттың шамалы өсуі тек аралық тауарлар бойынша байқалды (8-кесте).

7-кесте

Қазақстан Республикасы импортының тауарлық құрылымы

(импорт ресми статистиканың деректері бойынша СИФ бағасымен)

Тауарлар тобы	2014	2015
құны (млн. АҚШ долл)		
Барлық тауар	41 295,5	30 186,1
Тұтыну тауарлары	12 341,4	8 248,8
азық-түлік тауарлары	4 007,1	3 132,1
азық-түлікке жатпайтын тауарлар	8 334,3	5 116,7
Аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарлары	12 827,7	10 281,8
Инвестициялық тауарлар	15 388,3	11 101,1
Басқа да тауарлар	738,1	554,4
үлес салмағы (%)		
Барлық тауар	100%	100%
Тұтыну тауарлары	29,9%	27,3%
азық-түлік тауарлары	9,7%	10,4%
азық-түлікке жатпайтын тауарлар	20,2%	17,0%
Аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарлары	31,1%	34,1%
Инвестициялық тауарлар	37,3%	36,8%
Басқа да тауарлар	1,8%	1,8%

8-кесте

Нақты жеткізілімдер бағасы мен көлемінің өзгеруінің импорт құнына әсері

(ресми статистиканың деректері бойынша 2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы)

Тауарлар тобы	Импорт, млн. АҚШ долларымен		Өзгеріс (өсімі (+), төмендеуі (-))	Оның ішінде өзгеруі есебінен	
	2015 жыл	2014 жыл		бағалардың	нақты көлемдерінің
Барлық тауарлар	30 186,1	41 295,5	-27%	-24%	-4%
Тұтыну тауарлары	8 248,8	12 341,4	-33%	-27%	-9%
азық-түлік тауарлары	3 132,1	4 007,1	-22%	-17%	-6%
азық-түлікке жатпайтын тауарлар	5 116,7	8 334,3	-39%	-32%	-10%
Аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарлары	10 281,8	12 827,7	-20%	-21%	1%
Инвестициялық тауарлар	11 101,1	15 388,3	-28%	-25%	-4%
Басқа да тауарлар	554,4	738,1	-25%	3%	-27%

Ресми статистикада тіркелген **сыртқы тауар айналымының** географиялық құрылымында 2015 жылы Еуропа елдері сауда операциялары көлемінде басымдыққа ие болды - 45,1%, оның ішінде Еуропалық Монетарлық Одақ (ЕМО) елдеріне 34,9% тиесілі. Еуропа өңірінен кейін ТМД мемлекеттеріне – 26,9% және Азия елдеріне – 24% тиесілі. Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) мүше мемлекеттердің үлесі 20,8%-ды құрады. Жекелеген елдер бойынша бірінші орында Ресей Федерациясы (тауар айналымның 19,2%), одан кейін Қытай (13,9%), үшінші және төртінші орында Италия (12,3%) және Нидерланд (7%) тұр. Бұл ретте экспорттың көлемі бойынша Италия (17,8%), ал импорттың көлемі бойынша – Ресей (33,9%) көшбасшы.

ЕМО мемлекеттерімен тауар айналымы 2015 жылы 2014 жылға қарағанда 42,9%-ға қысқарып, 26,5 млрд.доллар болды, бұл ретте экспорт 47,3%-ға (негізінен келісімшарттық бағаның төмендеуі есебінен), ал импорт – 16,4%-ға төмендеді. Еуроаймақ елдерімен сауда операциялары көлемінің 80%-ға жуығы тауар экспортына тиесілі. ЕМО мемлекеттеріне тауарлардың таза экспорты 15,4 млрд. долларды құрады.

ЕМО елдерімен экспорттық келісімшарттық бағаны кезеңде орташа алғанда 45%-ға төмендеген және импортталатын өнімге баға 32%-ға қысқарған кезде еуроаймақпен сауда талаптарының индексі базалық кезеңдегі ұқсас көрсеткіштен 11%-ға төмен болды (9-кесте).

ЕМО елдеріне 2015 жылы 20,9 млрд.доллар (2014 жылы 39,7 млрд. доллар) сомаға тауар экспортталды, оның ішінде экспорт көлемінен 92%-ға жуығы минералдық өнімдерге тиесілі болды. ЕМО елдерінен 2015 жылы 5,5 млрд. доллардан асқан импорттың тауарлық құрылымында көлік құралы бойынша жиынтық әкелудің базалық кезеңмен салыстырғанда 2,6 есе күрт құлдырауы байқалды. Еуроаймақ елдерімен импорттық номенклатураның басқа негізгі тауарлары бойынша машиналар мен

жабдықтарды әкелу құны 4,0%-ға және химия өнеркәсібі өнімінің құны 18,3%-ға төмендеді.

Ресми статистикаға сәйкес **ЕАЭҚ** қатысушы-елдерімен тауар айналымы есепті кезеңде 28,6%-ға қысқарып, 15,8 млрд.доллар болды, оның ішінде 14,6 млрд.доллар – бұл Ресей Федерациясымен (РФ) тауар айналымы.

9-кесте

ЕМО елдерімен баға индексі және сауда-саттық талаптары өзгеруі

(алдыңғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда пайызбен)

	Экспорттық баға	Импорттық баға	Сауда- саттық талаптары
2014	-4	-3	16
1 тоқ.	-1	71	-42
2 тоқ.	-6	-36	47
3 тоқ.	7	-33	59
4 тоқ.	-15	-14	-1
2015	-45	-32	-11
1 тоқ.	-41	-58	40
2 тоқ.	-46	-10	-39
3 тоқ.	-46	-15	-36
4 тоқ.	-49	-43	-10

10-кесте

Ресеймен сауда-саттық бағасының индексі мен талаптары өзгеруі

(алдыңғы жылдағы ұқсас кезеңмен салыстырғанда пайызбен)

	Экспорттық баға	Импорттық баға	Сауда- саттық талаптары
2014	-3	-6	3
1 тоқ.	-10	-5	-5
2 тоқ.	-3	-3	0
3 тоқ.	4	-1	5
4 тоқ.	-2	-13	13
2015	-22	-27	6
1 тоқ.	-22	-30	10
2 тоқ.	-16	-22	7
3 тоқ.	-30	-32	3
4 тоқ.	-19	-23	6

ЕМО елдерімен салыстырғанда **РФ-мен** сауда-саттықта экспорттық баға импорттың келісімшарттық бағасынан аз төмендеді, қорытындысында есепті кезеңде Ресеймен сауда-саттық талаптарының индексі базалық кезеңмен

салыстырғанда 6%-ға жоғары болды (10-кесте).

РФ-мен сыртқы тауар айналымы есепті жылы 27,8%-ға қысқарды, бұл ретте тауар импорты 10,2 млрд. доллар (базалық кезеңде 13,8 млрд. доллар), ал тауар экспорты - 4,3 млрд. жуық доллар (6,4 млрд. доллар) болды. Экспорт 32%-ға және импорт 25,9%-ға төмендеген кезде Ресеймен теріс сауда сальдосы 5,9 млрд. долларды құрап, 20,6%-ға қысқарды.

РФ-ға экспорттың құрылымында басым келетін минералдық өнімдер мен бағалы емес металдарды әкету тиісінше 21,3%-ға және 47,1%-ға азайды. РФ-дан импорттың барынша төмендеуі баға мен нақты көлемі қысқаруы есебінен тең дәрежеде азық-түлік емес тұтынушылық тауарлардың тобы бойынша (32%-ға) байқалды. Бұл ретте Ресейден автомобильді әкелу 0,6 млрд.долларға дейін екі есеге жуық қысқарды. Алайда, Қазақстан импорттаған автомобильдердің жалпы көлемінде РФ-дан импорттың үлес салмағы базалық кезеңдегі 49,8%-бен салыстырғанда 70,7%-ға дейін өсті. Азық-түлік тауарлары 1,2 млрд.доллар сомаға әкелінді (базалық кезеңде 1,5 млрд.доллар).

Қамту бойынша түзетулер.

Ресми статистика тіркемейтін жеке адамдардың сауда операциялары бойынша («бақал сауда» деп аталатын) тауар айналымы 2015 жылы 5,6 млрд.доллар сомаға бағаланды. Экспорт 18%-ға және импорт 19,2%-ға өскен кезде ұйымдастырылмаған сауда бойынша айналым 2014 жылғымен салыстырғанда 19%-ға ұлғайды. Әкетілген тауарлардың құны 0,8 млрд.доллар, ал әкелінген тауарлардың құны 4,8 млрд.доллар деңгейінде бағаланды. Жеке адамдардың тіркелмейтін сауда операциялары бойынша теріс сальдо есепті жылы базалық кезеңмен салыстырғанда 19,4%-ға ұлғайып, 4 млрд.доллар болды.

ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитетінен жеке адамдардың кедендік кіріс ордерлерін

ресімдей отырып, жеке пайдалану үшін жеңіл автокөлікті әкелуі туралы алынған деректердің, космос аппаратын республиканың аумағына әкелусіз сатып алу туралы ақпараттың, серіктес-елдердің табиғи газды әкелу туралы деректерінің негізінде ресми импорттың құнына 0,4 млн.доллар сомасында қосымша есептеу жүргізілді.

Кеден статистикасында әдіснамалық стандарттарға сәйкес халықаралық сауда статистикасында есепке алынбайтын тауарлар көрсетілуіне байланысты ресми импорттың деректеріне 42,4 млн.доллар сомасына оны қысқарту жағына түзету жасалды.

Көлік кәсіпорындарының есептік деректері бойынша шетелден отын мен азық-түлікті сатып алуға кеткен шығыстар (импорт) шамамен 50 млн.доллар болды, Қазақстандағы резидент еместердің көлік компанияларының осындай шығыстары (экспорт) 104 млн. жуық доллар болды.

Төлем балансының әдіснамасына сәйкес меншік құқығы өтүсіз өңдеуге арналаған тауарлар тауарлардың экспортына/импортына қосылмайды. Кәсіпорындардың есептілігіне сәйкес талданатын кезеңде тауарларды өңдеумен байланысты операциялар бойынша республикадан тыс жіберілген тауарлардың құны 328 млн.доллар, ал шетелден алынған – 237 млн.доллар болды. Бұл көлемдер тауарлардың ресми экспортының және импортының құнынан алып тасталды.

2014 жылғы 3-тоқсаннан бастап кәсіпорындардың төлем балансы бойынша статистикалық есептілігінде **тауарларды шетелде қайта сату жөніндегі** операциялар көрсетіледі. Кәсіпорындардың есептік деректері бойынша шетелде тауар 36,4 млн.доллар сомада сатылды, ал 32,6 млн.доллар сомада сатып алынды.

Халықаралық қызмет көрсету балансы

Қызмет көрсетудің сыртқы саудалық айналымы 2015 жылы 18,3 млрд. астам долларды құрады, бұл 2014 жылғыдан 6,0%-ға аз. Қызмет көрсету


экспорты 1,7%-ға, ал олардың импорты 8,2%-ға төмендеген кезде халықаралық қызмет көрсету балансының дефициті 2015 жыл үшін шамамен 5,4 млрд. доллар болып, 2014 жылғымен салыстырғанда 15,0%-ға қысқарды (4-диаграмма).

Қызмет экспортының құрылымында *көлік және сапарлар қызметтері*, ал импортта *басқа да іскерлік қызметтер, сапарлар, көлік және құрылыс қызметтері* басым келеді (11-кесте).

2015 жылы 6,5 млрд. жуық доллар болған **қызмет экспортынан** түсетін кірістің барынша көп бөлігі көлік қызметіне келеді. Негізінен жүкті тасымалдау бойынша қызметтен болатын түсімдер есебінен қалыптасатын резиденттердің бұл бап бойынша кірістері есепті жылы 3,6 млрд. доллар болды. Бұл ретте Қазақстан аумағы арқылы мұнай және газ құбырлары бойынша транзит үшін түсімдер 2014 жылғы деңгейде сақталды, резидент еместер жүгінің теміржол арқылы транзиті үшін кіріс 14,7%-ға азайды. Сыртқы саудалық операциялардың нәтижелері резиденттер ұсынған авто және әуе

көлігімен экспорттық тауарларды тасымалдау бойынша қызметтері 15,6%-ға қысқаруына және резидент еместердің республикаға импортталатын тауарларды тасымалдау бойынша қызметтері 26,0%-ға елеулі түрде құлдырауына себепші болды. Қорытындысында жүк тасымалдаудың оң сальдосы 1,7 млрд. долларға дейін 24,6%-ға өсті (12-кесте).

4-диаграмма. Қызметтердің сыртқы саудасының динамикасы (млрд.АҚШ долл.)



11- кесте

Халықаралық қызметтер балансының құрауыштары

млн. АҚШ доллары

	Экспорт		Өзгеруі (өсім (+), төмендеуі (-))	Импорт		Өзгеруі (өсім (+), төмендеуі (-))
	2014	2015		2014	2015	
БАРЛЫҒЫ	6 594,4	6 480,4	-1,7%	12 915,4	11 851,1	-8,2%
Материалдық ресурстарды өңдеу қызметтері	8,9	14,3	61,4%	21,1	56,7	1,7 рет
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету қызметтері	45,0	50,7	12,6%	240,6	246,1	2,3%
Көлік қызметі	3 861,4	3 597,6	-6,8%	2 381,0	1 746,4	-26,7%
Туризммен байланысты қызметтер (сапарлар)	1 467,3	1 625,0	10,7%	1 932,0	2 009,3	4,0%
Құрылыс	157,6	262,0	66,3%	1 604,1	1 611,9	0,5%
Сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қызметтер	64,8	79,3	22,3%	50,9	48,5	-4,6%
Қаржылық қызметтер	22,6	22,4	-0,7%	135,6	135,1	-0,4%
Телекоммуникациялық, компьютерлік және ақпараттық қызметтер	146,1	142,2	-2,7%	336,0	349,5	4,0%
Зияткерлік меншікті пайдаланғаны үшін ақы төлеу	1,8	0,9	-50,2%	166,1	149,1	-10,2%
Басқа да іскерлік қызметтер	558,6	424,3	-24,1%	5 827,4	5 216,2	-10,5%
Жеке адамдарға қызмет көрсету және мәдениет және демалыс саласында қызмет көрсету	1,5	1,2	-19,5%	81,5	68,7	-15,7%
Мемлекеттік қызметтер	258,8	260,5	0,7%	139,1	213,6	53,6%

Көлік түрлері бойынша жүкті тасымалдау бойынша қызметтің экспорты мен импорты

млн. АҚШ доллары

	2014			2015		
	Экспорт	Импорт	Сальдо	Экспорт	Импорт	Сальдо
Барлығы	3 341,2	1 946,3	1 394,9	3 177,9	1 440,0	1 737,9
Автомобильдік	242,0	757,9	-515,9	200,7	554,9	-354,2
Әуе	74,4	361,7	-287,2	66,3	268,1	-201,8
Теміржол	790,1	745,6	44,4	674,3	556,2	118,1
Құбыр арқылы өткізу	2 234,2	1,9	2 232,3	2 236,4	2,0	2 234,4
Теңіз (су)	0,4	79,1	-78,7	0,2	58,9	-58,7

«Сапарлар» бабы бойынша қызметтің экспортымен және импорты да өсті. Резиденттердің шетел азаматтары Қазақстанда болуынан түсетін кірістері 10,7%-ға, қазақстандықтардың шетелдік сапарларға шығыстары 4,0%-ға өсті, бұл бап бойынша теріс сальдо 2014 жылғы 464,7 млн. доллардан 2015 жылы 384,3 млн. долларға дейін қысқарды.


Қызметтер импорты есепті жылы, ең алдымен, көлік қызметтері мен басқа да іскерлік қызметтердің қысқаруы (әрбір бап бойынша 0,6 млрд.долл.) есебінен 11,9 млрд. долларға (2014 жылы 12,9 млрд. долл.) дейін төмендеді.

Қызметтер балансының ең дефицит бабы «Басқа да іскерлік қызметтер» бабы болып қалып отыр, 0,4 млрд. доллар экспорт кезіндегі олардың импорты 5,2 млрд. долларды құрады. Басқа да іскерлік қызметтер құрылымында сәулет және инженерлік-техникалық қызметтерді сатып алуға 2,2 млрд. доллар (42,0%), ал бизнес пен басқару бойынша консультациялар беру жөніндегі қызметтерге 1,6 млрд. доллар (31,4%) жұмсалды.


Өте көп шығыстар бұрынғысынша құрылыс қызметтерінің импортымен байланысты. Есепті кезеңде теміржол және автомагистральдар құрылысының, мұнай өндіретін зауыттарды жаңартудың, «ЭКСПО-2017» халықаралық көрме объектілерін салу және резидент еместердің қатысуымен басқа инфрақұрылымдық жобаларды іске асырудың игерілген мөлшері 1,6 млрд. долларды құрады.

Қазақстан қызметтерінің халықаралық саудасының географиялық құрылымында есепті жылдың қорытындысы бойынша ТМД елдеріне қызметтердің 32,1% сыртқы сауда айналымы тиесілі болды, Еуропа мен Азия елдерінің үлесі тиісінше 30,0%-ды және 22,8%-ды құрады (5-диаграмма).

Қызметтер экспорты



Қызметтер импорты



- ТМД
- Евразиялық Экономикалық Одақ
- ТМД басқа елдері
- Әлемнің қалған елдері
- Еуропа
- Азия
- Басқа елдер

Қазақстан қызметтерінің негізгі тұтынушылары ЕАЭО елдері, ал сатып алынатын қызметтердің негізгі жеткізушілері Еуропа елдері болып табылады. Қызметтердің экспорты мен импортын елдік бөлуде бұрынғысынша Ресей Федерациясы экспорттың жалпы көлемінде 30,4% және жиынтық импортта 15,2% құрап, көш бастап келеді.

5-диаграмма. 2015 жылғы Қазақстанның сыртқы сауда қызметтерінің географиялық құрылымы

Бастапқы кірістер балансы

2015 жылы бастапқы кірістер балансының теріс сальдосы 11,5 млрд. доллар (2014 жылы 22,7 млрд. доллар) болып қалыптасты. Бұл ретте резидент

еместерге еңбек және капитал қызметтерін көрсетуден алынатын кірістер 2 млрд. долларға дейін 2,3%-ға азайды, ал резидент еместерге төленетін кірістер 13,5 млрд. долларға дейін 45,3%-ға қысқарды.

Еңбекақы төлеу. Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша еңбекақы төлеу балансының теріс сальдосы 2014 жылмен салыстырғанда 6,6%-ға төмендеп, 1,7 млрд. долларды құрады. Шетелде жұмыс істейтін резиденттердің және республика аумағындағы шетелдік елшіліктерге және халықаралық ұйымдардың өкілдіктеріне жұмысқа тартылған Қазақстан азаматтарының еңбегіне ақы төлеу 3,9 млн. долларға бағаланды. Қазақстанда жұмыс істейтін шетел азаматтарының кірістері 6,6%-ға төмендеді, бұл ретте қазақстандық кәсіпорындар жұмысқа тартқан резидент еместердің есепке алынған жалақысы 732,8 млн. долларға дейін 3,5%-ға қысқарды. ТМД елдерінен ресми емес түрде жұмыс істейтін еңбек иммигранттарының жалақысын бағалау 937,7 млн. долларды құрады.

Инвестициялық кірістер балансының дефициті 2014 жылға қатысты 52,5%-ға қысқарып, 10,0 млрд. долларды (базалық кезеңде 21,0 млрд. доллар) құрады болды.

Қазақстан экономикасына сыртқы инвестициялардан кірістердің келіп түсуі *Мемлекеттік басқару секторының* (ҚРҰҚ шетелдік активтері) және *Орталық Банктің* (халықаралық резервтердің және шетел валютасындағы Ұлттық Банктің басқа активтерінің) қаражатын орналастыру есебінен қамтамасыз етіледі. Жиынтығында 2015 жылы ҚР Үкіметінің және Ұлттық Банктің шетелдік активтерінен түскен кіріс салыстырмалы түрде 2014 жылы 12,5% төмендеп, 1,0 млрд. доллар болды. Сыртқы борышқа қызмет көрсету төлемдерін ескерсек, *Мемлекеттік басқару секторының* және *Орталық Банктің* таза инвестициялық кірісі 2014 жылмен салыстырғанда 28%-ға қысқарды (14-кесте).

13-кесте

Құралдардың түрлері бойынша инвестициялардан түскен кірістер

млн. АҚШ долл

	2012	2013	2014	2015
Алынатын кірістер	1 945,9	2 176,7	1 889,4	1 843,4
Тікелей инвестициялар	194,9	347,6	127,0	315,9
Жеке сектордың портфельдік инвестициялары	154,5	163,3	181,5	167,0
Бейрезиденттерге кредиттер	516,5	462,2	359,1	274,3
Шетелдік банктердегі жеке сектордың депозиттік және корреспонденттік шоттары	48,3	39,9	40,1	51,7
ҚҰБ халықаралық резервтері мен Ұлттық Қордың активтері	1 028,0	1 162,1	1 176,8	1 027,4
Басқа да инвестициялық кірістер	3,8	1,6	4,9	7,1
Төленетін кірістер	28 274,9	25 660,5	22 911,8	11 831,8
Тікелей инвестициялар	24 753,0	22 510,9	19 763,9	8 843,1
Портфельдік инвестициялар	2 070,3	1 590,9	1 667,1	1 641,3
Резидент еместерден кредиттер	1 395,5	1 509,3	1 420,1	1 309,2
Резидент еместердің Қазақстан банктеріндегі депозиттік және корреспонденттік шоттары	51,9	40,1	51,8	31,3
Басқа да инвестициялық кірістер	4,2	9,2	8,9	7,0
Инвестициялық кірістер балансы	-26 329,0	-23 483,8	-21022,4	-9 988,4

14-кесте

Экономика секторлары бойынша инвестициялық кірістер балансын бөлу

млн. АҚШ долл

	2012	2013	2014	2015
Инвестициялық кірістер балансы	-26 329,0	-23 483,8	-21 022,3	-9 988,4
<i>Орталық Банк</i>	222,6	230,6	182,7	170,5
Алынатын кірістер	222,6	231,0	183,1	170,6
Төленетін кірістер	0,0	0,4	0,5	0,1
<i>Мемлекеттік басқару секторы</i>	742,5	875,6	929,0	628,3
Алынатын кірістер	805,5	931,2	997,6	862,6
Төленетін кірістер	63,0	55,6	68,6	234,3
<i>Банктер</i>	-940,5	-784,2	-688,1	-533,7
Алынатын кірістер	349,3	349,3	308,4	287,0
Төленетін кірістер	1 289,8	1 133,5	996,5	820,6
<i>Басқа секторлар</i>	-26 353,6	-23 805,8	-21 445,9	-10 253,5
тікелей инвестициялау операциялары бойынша алынатын кірістер	275,3	339,9	116,3	309,8
тікелей инвестициялау операциялары бойынша төленетін кірістер	24 564,1	22 090,4	19 369,6	8 555,2
басқа да алынатын кірістер	293,1	325,3	284,1	213,3
басқа да төленетін кірістер	2 358,0	2 380,6	2 476,6	2 221,5

Банктер секторы бойынша алынатын кірістер 2014 жылға қатысты 6,9%-ға (0,29 млрд. долларға дейін), ал төленетін кірістер 17,7%-ға (0,8 млрд. долларға дейін) қысқарды. Банктердің сыйақыны (капиталға қатысудан түскен кірістерді қоспағанда) төлеуі 497 млн. долларға дейін 17,4%-ға төмендеді, оның ішінде 337 млн. доллар қазақстандық банктер айналысқа шығарған борыштық бағалы қағаздар бойынша есептелсе, ал несие мен қарыздарға қызмет көрсетуге 128 млн. доллар жұмсалды.


Басқа секторлардың операциялары бойынша теріс сальдо 2014 жылмен салыстырғанда 52,2%-ға төмендеп, 10,3 млрд. доллар болып қалыптасты. Тікелей инвестициялау қатынастарымен байланыссыз резидент емес-кредиторлардың нетто-кірістері 2,0 млрд. долларға дейін 8,4%-ға төмендеді, ал резидент еместердің тікелей инвестициялау операциялары бойынша нетто-кірістері 57,2%-ға азайып, 8,2 млрд. долларды құрады.

Қайталама кірістер

Қайталама кірістер балансының дефициті есепті жылы 1,6 млрд. долларды құрады, оның 2014 жылмен салыстырғанда 19,2%-ға өсімі трансферттік төлемдер 15,7%-ға төмендеген кезде

трансферттік түсімдердің 33,6%-ға қысқаруымен қамтамасыз етілді. (6-диаграмма)

6-диаграмма. Қайталама кірістер балансының негізгі құрамдас бөліктерінің динамикасы (млрд. АҚШ долл.)



2015 жылы 1,3 млрд. долларды құраған жеке трансферттердің теріс сальдосы (жеке тұлғалардың ҚР-ға/ҚР-дан ақша аударымдары) 16,9%-ға қысқарғанына қарамастан, қайталама кірістер бойынша дефициттің өсуі, ең алдымен, мемлекеттік басқару органдарының пайдасына трансферттер түсімдерінің 36,4%-ға қысқаруы себеп болды.

Жеке тұлғалардың республикадан тысқары өтеусіз жіберілген ақша аударымдары есепті жылы ең алдымен Қытай мен Түркияға аударымдарының

тиісінше 101 млн. долларға және 95 млн. долларға қысқаруы есебінен 294 млн. долларға азайып, шамамен 1,5 млрд. долларды құрады. Ал Ресейге жасалған аударымдар 649 млн. доллар сомасынан асып, азғана (3,9%-ға) ұлғайды. Шетелден жеке трансферттер 190,6 млн. доллар (базалық кезеңде 224,7 млн. доллар) мөлшерінде алынды.

Мемлекеттік сектор операциялары бойынша Қазақстанда алынған кірістерден резидент еместердің салықтық түсімдері 26,9%-ға (234 млн. долларға) азайды. ЕАЭО елдеріндегі тауар импортының құлдырауы салдарынан республикалық бюджетке келіп түскен (46,2%-ға) және одақ мемлекеттерінің бюджетіне аударылған (44,7%-ға) әкелінетін кедендік баждардың сомалары елеулі түрде қысқарды. 2014 жылғы 4-тоқсанда басталған Қазақстанға мұнай өнімдерінің баж салынбайтын жеткізулерінің арқасында Ресей бюджетінің алынбаған кірістерінің өтемақысына мұнай шикізатын Ресейге жеткізуі 595 млн. долларды құрады. Жүргізілген операциялардың нәтижелері бойынша мемлекеттік басқару

органдарының трансферттік операцияларының базалық кезеңдегі 525,5 млн. долларындағы оң сальдосы қарастырылып отырған кезеңде 20 млн. доллар теріс сальдоға ауысты.

Қаржылық шот

2015 жылға қаржылық (Ұлттық Банктің резервтік активтерімен жасалатын операцияларды қоспағанда) шот бойынша теріс сальдо 10,6 млрд.доллар (базалық кезеңінде 6,8 млрд.доллар) болды. Сыртқы активтердің қысқаруы және сыртқы міндеттемелердің ұлғаюы кезінде қаржылық шот бойынша капиталдың таза әкелінуі немесе «қалған елдерден таза қарыз алу» қалыптасты.

2015 жылы елге капиталдың таза әкелінуі негізінен Мемлекеттік басқару органдары секторының операцияларымен және қазақстандық банктердің резидент еместертер шығарған бағалы қағаздарды сатуымен байланысты операцияларымен және банктердің шетелдік шоттардағы активтерінің азаюымен қамтамасыз етілді (15-кесте).

15-кесте


Экономика секторы бойынша қаржылық шоттың балансы

("+" - активтердің/ міндеттемелердің ұлғаюы; "-" - активтердің/ міндеттемелердің төмендеуі)

млн. АҚШ доллары

	2012	2013	2014	2015
Қаржылық операциялар шотының балансы (резервтік активтерді қоспағанда)	4 319,3	-303,2	-6 827,3	-10 611,0
<i>Орталық Банк</i>	-16,3	71,0	-79,9	406,6
Қаржы активтерін таза сатып алу	0,3	133,4	360,8	378,3
Міндеттемелерді таза қабылдау	16,6	62,3	440,8	-28,3
<i>Банктер</i>	1 388,8	3 387,3	-4 055,1	-773,0
Қаржы активтерін таза сатып алу	43,2	1 210,2	-4 529,5	-2 483,6
<i>оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	-41,3	26,1	5,3	68,3
Міндеттемелерді таза қабылдау	-1 345,6	-2 177,0	-474,4	-1 710,6
<i>оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	543,6	-21,7	172,6	233,4
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	13 593,0	10 610,2	2 244,8	-12 419,7
Қаржы активтерін таза сатып алу	14 044,4	10 992,2	4 530,6	-8 245,3
Міндеттемелерді таза қабылдау	451,4	382,0	2 285,8	4 174,4
<i>Басқа секторлар</i>	-10 646,2	-14 371,7	-4 937,1	2 175,1
Қаржы активтерін таза сатып алу	8 530,3	6 753,5	9 494,3	2 790,8
<i>оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	1 833,6	1 950,8	2 318,3	2 982,3
Міндеттемелерді таза қабылдау	19 176,4	21 125,2	14 431,4	615,6
<i>оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	13 104,6	10 033,0	6 918,1	6 381,3

7-диаграмма. Қаржы шотының құрылымы (млрд.АҚШ долл.)



Қаржылық шот құрылымында капиталдың таза әкелінуі тікелей портфельдік және басқа орта және ұзақмерзімді инвестициялар бойынша және басқа да инвестициялар бойынша ресурстардың нетто-әкетілуі тіркелді. (7-диаграмма).

Тікелей инвестициялар

Шетелдік тікелей инвестициялар (ШТИ) бойынша резидент еместер алдындағы міндеттемелердің таза өсуі сыртқы активтердің таза өсуінен 3,4 млрд. долларға асып кетті, бұл ретте 2015 жылғы 1-тоқсанның және 2-жартыжылдықтың нәтижелері теріс балансқа себепші болды, ал 2015 жылғы 2-тоқсанда активтердің өсуі міндеттемелер өсуінен 0,2 млрд. доллар (оң сальдо) асып түсті. Мысалы, 2014 жылы резидент еместер алдындағы міндеттемелердің таза өсуі сыртқы активтердің таза өсуінен 4,8 млрд. долларға (теріс сальдо) асты.

Тікелей инвестициялау операциялары бойынша қаржы активтерінің таза өсуі есепті кезеңде 38,1%-ға өсті және 3,2 млрд. доллар болды (базалық кезеңде 2,3 млрд. доллар). Тікелей инвестициялау операциялары

бойынша қаржы активтерінің ұлғаюы резидент еместердің фирмааралық берешегінің ұлғаюымен және қазақстандық кәсіпорындардың шетелдік еншілес ұйымдардың капиталына қаржы жұмсауымен қамтамасыз етілді.

ШТИ бойынша міндеттемелерді есепті кезеңде 6,6 млрд. доллар мөлшерінде (базалық кезеңде 7,1 млрд. доллар) **таза қабылдау негізінен** қазақстандық резиденттердің өздерінің шетелдік үлестес компаниялары алдындағы фирмааралық берешектерінің өсуімен, сондай-ақ шетелдік негізгі компаниялардың қазақстандық кәсіпорындардың капиталын ұлғайтуымен қамтамасыз етілді.

Тікелей инвестициялардың «салым бағыттары» қағидаты бойынша есепке алынған **Қазақстанға ШТИ жалпы әкелінуі**³ есепті кезеңде 14,8 млрд. доллар (базалық кезеңде 23,7 млрд. доллар) болды. ШТИ салымдары *өңделмеген мұнай және табиғи газ өндіруге* 62,0%-ға қысқарып 2,8 млрд. доллар болды, *геологиялық барлау мен іздестірулерді жүргізу қызметіне* – 5,4 млрд. долларға дейін 5,1 %, *машина мен жабдықтарды қоспағанда, металлургия өнеркәсібіне, дайын метал бұйымдарын өндіруге* –1,8 млрд. долларға дейін 40,6%, *көтерме және бөлшек саудаға, автокөлік жөндеуге* – 1,5 млрд. долларға дейін 46,7% қысқарды. Қаржы секторына салымдар базалық кезеңмен салыстырғанда аз ғана өзгерді және 0,5 млрд. доллар болды.

Елдер бойынша шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы әкеліну құрылымында Нидерланд (ШТИ жалпы түсімдерінен 38,8%) басым келеді, одан кейін АҚШ (18,8%), Швейцария (12,7%), Франция (6,5%), Бельгия (4,7%), Ресей Федерациясы (3,8%), Қытай (3,0%), Оңтүстік Корея (2,7%), Ұлыбритания және

³ Қазақстандық еншілес кәсіпорындардың акционерлік капиталына түсімдері, қайта инвестицияланған пайда және өтеуді есепке алусыз шетелдік бас компаниялардан тартылған борыштық қаржыландыру кіреді.

Жапония (2,6%-дан), Германия (2,2%), келеді.

Портфельдік инвестициялар және туынды қаржы құралдары

Портфельдік инвестициялар құрамындағы активтердің олар бойынша міндеттемелердің қысқаруымен салыстырғанда жоғарғы қарқында қысқаруы салдарынан *портфельдік инвестициялар* балансы 5,9 млрд. доллар теріс сальдомен (базалық кезеңде 1,0 млрд. доллар оң сальдо) қалыптасты.

Портфельдік инвестициялар бойынша қаржы активтерінің 9,5 млрд. долларға төмендеуі ҚР Ұлттық Қорының шетелдік активтерінің 8,4 млрд. долларға, қазақстандық банктердің шетелдік активтерінің 0,8 млрд. долларға қысқаруымен байланысты болды (16-кесте).

Портфельдік инвестициялар – Міндеттемелерді таза қабылдау – Борыштық бағалы қағаздар – Басқа секторлар	2015ж. II-III тоқ.	-86,0	есептік деректерді нақтылау
Басқа инвестициялар – Қаржы активтерін таза алу – Қолма-қол валюта және депозиттер – Банктер	2015ж. III тоқ.	-150,0	есептік деректерді нақтылау
Басқа инвестициялар – Қаржы активтерін таза алу – Қолма-қол валюта және депозиттер – Мемлекеттік басқару органдары	2014ж. IV тоқ.	14,1	есептік деректерді нақтылау
Басқа инвестициялар – Қаржы активтерін таза алу – Қолма-қол валюта және депозиттер – Басқа секторлар	2015ж. III тоқ.	97,5	есептік деректерді нақтылау
Басқа инвестициялар – Қаржы активтерін таза алу – Кредиттер және қарыздар – Басқа секторлар	2013ж. I-IV тоқ. 2014ж. I-IV тоқ. 2015ж. I-III тоқ.	35,2 -587,6 67,0	тікелей инвестициялау қатынастары туралы ақпаратты нақтылау (тікелей инвестициялармен)
Басқа инвестициялар – Қаржы активтерін таза алу – Сауда кредиттері және аванстар – Басқа секторлар	2014ж. IV тоқ.	-134,7	есептік деректерді нақтылау
Басқа инвестициялар – Қаржы активтерін таза алу – Басқа да талаптар – Банктер	2015ж. III тоқ.	-165,0	есептік деректерді нақтылау
Басқа инвестициялар – Қаржы активтерін таза алу – Басқа да талаптар – Басқа секторлар	2014ж. III-IV тоқ. 2015ж. III тоқ.	49,8 37,0	есептік деректерді нақтылау
Басқа инвестициялар – Қаржы міндеттемелерін таза алу – Кредиттер және қарыздар – Басқа секторлар	2013ж. II-III тоқ. 2014ж. III-IV тоқ. 2015ж. III тоқ.	-31,6 199,5 33,1	есептік деректерді, сондай-ақ тікелей инвестициялау қатынастары туралы ақпаратты нақтылау (тікелей инвестициялармен)
Басқа инвестициялар – Қаржы міндеттемелерін таза алу – Сауда кредиттері және аванстар – Басқа секторлар	2014ж. III-IV тоқ.	-16,8	есептік деректерді нақтылау
Басқа инвестициялар – Қаржы міндеттемелерін таза алу – Басқа да міндеттемелер – Мемлекеттік басқару органдары	2013ж. I тоқ. 2014ж. I тоқ.	-32,5 -33,6	есептік деректерді нақтылау

Басқа инвестициялар – Қаржы міндеттемелерін таза алу – Басқа да талаптар – Басқа секторлар	2013ж. II тоқ. 2014ж. IV тоқ.	-31,8 56,7	есептік деректерді нақтылау
Резервтік активтер – Басқа резервтік активтер – Қолма-қол валюта және депозиттер	2014ж. IV тоқ.	334,8	қорытынды айналымдарды ескере отырып деректерді нақтылау

2-кесте

Халықаралық инвестициялық позицияға енгізілген өзгерістер

(өзгерістер сомасы, млн. АҚШ долларымен)

	31.03.13	30.06.13	30.09.13	31.12.13	31.03.14	30.06.14	30.09.14	31.12.14	31.03.15	30.06.15	30.09.15	Өзгерістер себебі
Халықаралық инвестициялық позиция, нетто	-21	-22	-22	8	356	388	-4 963	-5 285	-6 838	-7 237	-9 766	
Активтер	0	0	0	0	-9	-6	-1 290	-1 190	-1 555	-1 558	-1 526	
Тікелей инвестициялар	56	161	142	0	28	187	-875	-1 035	-1 401	-1 305	-1 434	
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардың пайлары/акциялары	0	0	0	0	0	0	-1 237	-1 682	-1 388	-1 308	-1 515	
Қазақстандық тікелей инвесторлардың қазақстандық тікелей инвестициялау кәсіпорындардың капиталына қатысуы	0	0	0	0	0	0	-1 237	-1 682	-1 388	-1 308	-1 515	Есептік деректерді нақтылау, бағасы белгіленбеген акциялардың нарықтық құнын, бейрезиденттердің қатысу үлесін нақтылау
Борыштық құрал	56	161	142	0	28	187	362	647	-13	3	82	
Қазақстандық тікелей инвестициялау кәсіпорындардың шетелдік тікелей инвесторларға талабы(кері инвестициялау)	212	350	284	87	146	392	749	1 157	0	10	73	Есептік деректерді нақтылау, тікелей инвестициялау қатынастарын нақтылау
Қазақстандық кәсіпорындардың шетелдік тел кәсіпорындарға талабы	-157	-188	-141	-87	-118	-212	-382	-514	0	0	1	Есептік деректерді нақтылау, тікелей инвестициялау қатынастарын нақтылау
Портфельдік инвестициялар	0	0	0	0	-10	-15	-61	196	-45	-85	-66	
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардың пайлары/акциялары	0	0	0	0	-10	-15	-62	-15	-45	-38	-30	
Басқа секторлар	0	0	0	0	-10	-15	-63	-28	-45	-38	-30	
Басқа қаржы корпорациялары	39	92	92	96	96	109	107	77	-45	-38	-30	Есептік деректерді нақтылау, резидент секторын нақтылау
Қаржылық емес ұйымдар, үй шаруашылығы және КЕҰҰШ	-39	-92	-92	-96	-106	-124	-170	-105	0	0	0	Есептік деректерді нақтылау, резидент секторын нақтылау
Борыштық бағалы қағаздар	0	0	0	0	0	0	2	211	0	-47	-36	
Мемлекеттік басқару органдары	0	0	0	0	0	0	0	220	0	0	0	
Ұзақмерзімді	0	0	0	0	0	0	0	220	0	0	0	Есептік деректерді нақтылау
Басқа секторлар	0	0	0	0	0	0	2	-9	0	-47	-36	
Басқа қаржы корпорациялары	1 004	1 017	1 018	1 072	1 051	1 043	943	932	0	4	0	
Ұзақмерзімді	1 004	1 017	1 018	1 072	1 051	1 043	943	932	0	4	0	Есептік деректерді нақтылау, резидент секторын нақтылау
Қаржылық емес ұйымдар, үй шаруашылығы және КЕҰҰШ	-1 004	-1 017	-1 018	-1 072	-1 051	-1 043	-941	-941	0	-51	-36	
Қысқамерзімді	0	0	0	0	0	0	0	0	0	-50	-35	Есептік деректерді нақтылау
Ұзақмерзімді	-1 004	-1 017	-1 018	-1 072	-1 051	-1 043	-941	-941	0	-1	-1	Есептік деректерді нақтылау, резидент

	31.03.13	30.06.13	30.09.13	31.12.13	31.03.14	30.06.14	30.09.14	31.12.14	31.03.15	30.06.15	30.09.15	Өзгерістер себебі
												секторын нақтылау
Туынды қаржы құралдары (резервтерден басқасы) және қызметкерлерге арналған акцияларға опциондар	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	
Басқа инвестициялар	-56	-161	-142	0	-27	-178	-354	-686	-109	-168	-26	
Қолма-қол валюта және депозиттер	0	0	0	0	0	0	-102	-78	-87	-90	7	
Орталық банк	0	0	0	0	0	0	0	2	0	0	0	
Қысқамерзімді	0	0	0	0	0	0	-224	-233	0	0	0	Қорытынды айналымдарды ескере отырып деректерді нақтылау
Ұзақмерзімді	0	0	0	0	0	0	224	235	0	0	0	Қорытынды айналымдарды ескере отырып деректерді нақтылау
Мемлекеттік басқару органдары	0	0	0	0	0	0	0	14	0	0	0	
Қысқамерзімді	0	0	0	0	0	0	0	14	0	0	0	Есептік деректерді нақтылау
Басқа секторлар	0	0	0	0	0	0	-102	-95	-87	-90	7	
Басқа қаржы корпорациялары	0	0	0	0	0	0	-102	-95	-87	-90	-88	
Қысқамерзімді	0	0	0	0	0	0	-102	-95	-87	-90	-88	Есептік деректерді нақтылау
Қаржылық емес ұйымдар, үй шаруашылығы және КЕҰҰШ	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	95	
Қысқамерзімді	0	0	0	0	0	0	-2	-1	0	0	95	Есептік деректерді нақтылау
Ұзақмерзімді	0	0	0	0	0	0	2	1	0	0	0	Есептік деректерді нақтылау
Кредиттер мен қарыздар	-56	-161	-142	0	-27	-178	-397	-638	-21	-71	4	
Басқа секторлар	-56	-161	-142	0	-27	-178	-397	-637	-21	-71	4	
Қаржылық емес ұйымдар, үй шаруашылығы және КЕҰҰШ	-56	-161	-142	0	-27	-178	-397	-637	-21	-71	3	
Қысқамерзімді	-56	-161	-142	0	-30	-180	-394	-629	2	-8	-62	Есептік деректерді нақтылау
Ұзақмерзімді	0	0	0	0	3	2	-3	-8	-23	-63	65	Есептік деректерді нақтылау, мерзімдерін нақтылау
Сауда кредиттері мен аванстар	0	0	0	0	-1	0	3	-102	-1	-6	-38	
Мемлекеттік басқару органдары	0	0	0	0	0	0	0	41	0	0	0	
Қысқамерзімді	0	0	0	0	0	0	0	41	0	0	0	Есептік деректерді нақтылау
Басқа секторлар	0	0	0	0	-1	0	3	-143	-1	-6	-38	
Қаржылық емес ұйымдар, үй шаруашылығы және КЕҰҰШ	0	0	0	0	-1	0	3	-143	-1	-6	-38	
Қысқамерзімді	0	0	0	0	-1	0	-2	-149	0	0	-17	Есептік деректерді нақтылау
Ұзақмерзімді	0	0	0	0	0	0	5	6	-1	-6	-21	Есептік деректерді нақтылау
Басқа да талаптар	0	0	0	0	0	0	141	128	0	0	0	
Басқа секторлар	0	0	0	0	0	0	135	128	0	0	0	
Қаржылық емес	0	0	0	0	0	0	135	128	0	0	0	

	31.03.13	30.06.13	30.09.13	31.12.13	31.03.14	30.06.14	30.09.14	31.12.14	31.03.15	30.06.15	30.09.15	Өзгерістер себебі
Басқа инвестициялар	-73	-117	-137	-147	-254	-240	-298	129	-112	-150	-105	
Қолма-қол валюта және депозиттер	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	
Орталық банк	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	
Қысқамерзімді	0	0	0	0	0	0	-224	-234	0	0	0	Қорытынды айналымдарды ескере отырып деректерді нақтылау
Ұзақмерзімді	0	0	0	0	0	0	224	234	0	0	0	Қорытынды айналымдарды ескере отырып деректерді нақтылау
Кредиттер мен қарыздар	-178	-190	-212	-219	-292	-286	-410	-60	-108	-140	-107	
Басқа секторлар	-178	-190	-212	-219	-292	-286	-410	-60	-108	-140	-107	
Басқа қаржы корпорациялары	0	0	0	0	0	0	-20	34	-36	-43	-58	
Қысқамерзімді	0	0	0	0	0	0	0	7	0	0	-77	Есептік деректерді нақтылау, мерзімдерін нақтылау
Ұзақмерзімді	0	0	0	0	0	0	-20	27	-36	-43	19	Есептік деректерді нақтылау, мерзімдерін нақтылау
Қаржылық емес ұйымдар, үй шаруашылығы және КЕҰҰШ	-178	-190	-212	-219	-292	-286	-391	-94	-72	-97	-49	
Қысқамерзімді	2	2	2	2	1	1	-27	-54	-50	-77	-88	Есептік деректерді нақтылау, мерзімдерін нақтылау
Ұзақмерзімді	-180	-192	-213	-221	-294	-286	-363	-40	-21	-20	39	Есептік деректерді нақтылау, мерзімдерін нақтылау
Сауда кредиттері мен аванстар	0	0	0	-3	-5	-4	39	26	-1	-6	7	
Басқа секторлар	0	0	0	0	-2	-1	39	30	-1	-6	7	
Қаржылық емес ұйымдар, үй шаруашылығы және КЕҰҰШ	0	0	0	0	-2	-1	34	29	-1	-6	7	
Қысқамерзімді	0	0	0	0	2	2	47	4	-19	-5	-21	Есептік деректерді нақтылау, мерзімдерін нақтылау
Ұзақмерзімді	0	0	0	0	-4	-3	-13	25	18	-1	28	Есептік деректерді нақтылау, мерзімдерін нақтылау
Басқа да міндеттемелер	104	72	74	75	42	49	73	153	-4	-4	-5	
Банктер	0	0	0	0	1	0	0	26	0	0	0	
Қысқамерзімді	0	0	0	0	1	0	0	26	0	0	0	Есептік деректерді нақтылау
Мемлекеттік басқару органдары	100	101	101	102	68	76	75	75	0	0	0	
Ұзақмерзімді	100	101	101	102	68	76	75	75	0	0	0	Есептік деректерді нақтылау
Басқа секторлар	0	-32	-31	-31	-26	-26	-1	56	-4	-4	-5	
Басқа қаржы корпорациялары	0	0	0	0	0	0	-4	-15	0	0	0	
Қысқамерзімді	0	0	0	0	0	0	-4	-15	0	0	0	Есептік деректерді нақтылау
Қаржылық емес ұйымдар, үй шаруашылығы және КЕҰҰШ	0	-32	-31	-31	-26	-26	3	72	-4	-4	-5	
Қысқамерзімді	0	-32	-31	-31	-26	-26	1	69	-5	-5	-5	Есептік деректерді нақтылау

Төлем балансына және халықаралық инвестициялық позицияға әдіснамалық түсіндірме

Елдің сыртқы экономикалық қызметінің шоттары резиденттер мен резидент еместер арасындағы экономикалық қатынастардың еркін көрінісін білдіреді. Олар мынадай құрамдардан¹ тұрады: төлем балансы (бұдан әрі – ТБ), халықаралық инвестициялық позиция (бұдан әрі – ХИП) және қаржы активтері мен міндеттемелеріндегі басқа өзгерістердің шоттары.

Сыртқы экономикалық қызмет шоттары елдің сыртқы экономикалық қатынастарының талдамасының интеграцияланған негізін, оның ішінде оның сыртқы экономикалық қызметінің, бағыттық саясатының, резервтерді басқару және сыртқы әлсіздік көрсеткіштерін құрайды.

2013 жылдың 1-тоқсанынан бастап еліміздің төлем балансы, халықаралық инвестициялық позициясы және сыртқы борышы «Төлем балансы және халықаралық инвестициялық позиция жөніндегі нұсқаулық» (ТБН6) алтыншы басылымының қағидаларына сәйкес қалыптастырылады. Статистиканы қалыптастыруда жаңа әдіснамаға көшумен байланысты негізгі өзгерістер IV.4-қосымшада келтірілген.

Төлем балансына әдіснамалық түсіндірме

Төлем балансы – бұл резиденттер мен резидент еместер арасындағы белгілі бір кезең уақытындағы экономикалық операциялардың жиынтық түрін көрсететін есеп.

Төлем балансын (ТБ) жасау және бағалау ТБН6 негізінде есепке алудың стандартты ережелері мен айқындамаларына сәйкес жүргізіледі.

ТБ жасаудың негізгі ережелері мен айқындамалары:

- резиденттер мен резидент еместер арасындағы операцияларды есепке алу;
- қосарлы жазба жүйесі бойынша операцияларды есепке алу;
- қорларды емес, ағындарды көрсету;

- есепке алудың бірыңғай бірлігімен түрлі валюталарда деноминирленген операцияларды және ақша аударымдарын құндық бағалау;
- иесі ауысқан сәттегі операцияларды тіркеу;
- операцияларды олардың түрлері және экономика секторлары бойынша көрсету.

Резиденттер және резидент еместер. Әрбір институционалдық бірлік бір ғана экономикалық аумақтың резиденті болып табылады, ол осы аумақпен тығыз байланысты және оның экономикалық мүддесі басым болатын орталық болып табылады. Институционалдық бірлік экономикалық аумақ шеңберінде белгілі бір орналасқан жері, тұрғын үй, өндіріс орны немесе басқалай үй-жай, ол біраз уақытта не белгісіз уақытта айтарлықтай ауқымда экономикалық қызметті және операцияны жүзеге асыратын және соған ниетті не түпкілікті, алайда жалғасатын кезеңде болса, экономикалық аумақтың резиденті болып табылады.

Ағындар деп экономикалық операциялар және есепті кезеңдегі оқиғалардың экономикалық салдары аталады. Халықаралық ағындар шоттарда операциялар және қаржы активтері мен міндеттемелеріндегі басқа да өзгерістер түрінде көрінеді. Ағындар экономикалық құнның құралуын, қайта құрылуын, алмасуын, беруді немесе жойылуды көрсетеді, оларға институционалдық бірлік активтері мен міндеттемелерінің көлеміндегі, құрамындағы немесе құнындағы өзгерістер кіреді.

Қосарлы жазба жүйесі

Операция екі институционалдық бірліктің өзара іс-әрекетін көрсетеді, ол іс-әрекет өзара келісім бойынша не заңның күшіне енуі бойынша жүзеге асырылады және экономикалық құндылықтармен немесе трансфертпен ауысумен ілеседі.

Әрбір операция бойынша операцияның әрбір бағытына қатысты дебеттік және кредиттік екі жазба беріледі. Аталған принцип барлық операцияларға қатысты барлық кредиттік жазбалардың сомасы барлық дебеттік жазбалар сомасына тең болуын қамтамасыз етеді, бұл шоттардың келісілгендігін жеке институционалдық бірлік деңгейінде тексеруге мүмкіндік береді.

¹Көбіне сыртқы сектордың статистикасына сыртқы борыш жатады. Сыртқы борыш бойынша стандартты есеп ХИП құрылымдық бөлігі болып табылады, алайда маңызды талдамалық мәнге байланысты сыртқы борышты сыртқы сектор статистикасының дербес құрамы ретінде қарау қабылданған.

Ағымдағы операциялар және капиталмен операциялар шоттарында кредиттеу экспортты, алуға бастапқы кірісті, алуға трансферттерді және өндірілмеген қаржылық емес активтерді көрсететін жазбаларды білдіреді. Дебеттеу импортты, төлеуге бастапқы кірісті, төлеуге трансферттерді және өндірілмеген қаржылық емес активтерді сатып алуды көрсететін жазбалар өндірісін білдіреді.

Қаржы активтерімен және міндеттемелермен операциялар болған жағдайда «қаржы активтерін таза сатып алу» және «міндеттемелерді таза қабылдау» деген терминдер қолданылады. Кредит немесе дебет туралы түсінікті мәтінде ұлғаю (азаю) түсіндірмесі осы ұлғаю (азаю) қайсысына жататындығына байланысты (актив жағдайында дебет ұлғаюды білдіреді, ал міндеттеме жағдайында дебет азаюды білдіреді).

ТБ есепке алу негізделген қосарлы жазба жүйесіне сәйкес әрбір операция екі жазбамен көрінеді, оның үстіне кредиттік жазбалар сомасы дебеттік жазбалар сомасына тең.

Операцияларды тіркеу уақыты есептеу қағидаты негізінде айқындалады. Операцияларды тіркеу экономикалық құны жасалған, қайта құралған, айырбасталған, берілген немесе жойылған кезде жүзеге асырылады. Қаржы талаптарының және міндеттемелерінің туындауы қандай да бір ресурстарға меншік құқығының сыртқы экономикалық операцияның бір қатысушысынан екіншісіне өтуіне байланысты. Осындай өту заңды ресімделуі мүмкін, осы ресурстарды басқа тараптың бақылауын белгілеуді немесе ресурстарды нақты беруді болжайды. Меншіктің экономикалық құқығы көрінбей өткен жағдайда, мұндай өту операцияға қатысушы тараптар өздерінің бухгалтерлік кітаптарында немесе шоттарында операцияларды көрсеткен жағдайда болады.

ТБ операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде болған активтер мен міндеттемелердің көлеміндегі өзгерістер тіркеледі. ТБ операцияларына нақты төлемдер қоса жүретін операциялармен қатар, ақшалай төлемдер ұйғарылмаған операциялар да жатады.

Операциялар құнын бағалау. Операциялар мәміленің тәуелсіз қатысушылары арасындағы келісімшарттарда және шарттарда көрінген олардың нақты нарықтық бағасы бойынша бағаланады.

Сыртқы экономикалық қызмет шоттары экономиканың мына секторлары үшін қалыптасады: орталық банк, банктер (орталық банкті қоспағанда депозиттік корпорациялар), мемлекеттік басқару органдары, басқа секторлар, оның ішінде басқа қаржы ұйымдары және қаржылық емес ұйымдар, үй шаруашылығы және үй шаруашылығына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар (ҮШКЕҰ). Секторлар бойынша жіктеу және бөлу жүйелері халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

ТБ-ның негізгі бөлімдері.

ТБ стандарттық құрылымы мына шоттардан тұрады: ағымдағы операциялар шоты (тауарлар және қызметтер, бастапқы кірістер, қайталама кірістер), капиталмен операциялар шоты және қаржылық шот.

Ағымдағы операциялар шоты резиденттер мен резидент еместер арасындағы тауарлардың, қызметтердің, бастапқы кірістердің және қайталама кірістердің ағындарын көрсетеді. Ағымдағы операциялар шоты бойынша сальдо алуға экспорт және кіріс сомасы және импорт пен төлеуге кіріс сомасы арасындағы айырманы көрсетеді (экспорт және импорт тауарларды да, қызметтерді де қамтиды, ал кіріс бастапқыны да, қайталаманы да білдіреді).

Ағымдағы операциялар және капиталмен операциялар шоттарында тауар мен қызмет импорты, сондай-ақ төленген бастапқы және қайталама кіріс көрсетілген кезде «минус» белгісін пайдалану алып тасталады. Бұл ретте тиісті баптардың сальдосы (тауарлардың, қызметтердің, бастапқы кірістердің, қайталама кірістердің) кредит пен дебет арасындағы айырма сияқты айқындалады.

Ағымдағы шот:

«Тауарлар» бөлімінің негізгі құрамдары ТБ әдіснамасы бойынша тауарлар экспорты және импорты, шетелде тауарларды қайта сату бойынша операциялар шеңберінде тауарлардың таза экспорты, монетарлық емес алтын болып табылады.

Монетарлық емес алтын санатына монетарлық алтыннан басқа барлық алтын кіреді. Өз кезегінде, монетарлық алтын - бұл қандай да бір құралмен жасалмайтын қаржы активі және халықаралық төлемдердің құралы және резерв активтерінде қолдану үшін жинақ

құралы ретінде көрінетін басқа бірлікке талаптар болып табылмайды.

ТБ әдіснамасы бойынша тауарлар экспорты мен импортына тауарлар (оның ішін қайтаэкспорт), резидент пен резидент емес арасында өтетін және мынадай нақты санаттарға кірмейтін меншік құқығы кіреді: тауарларды шетелде қайта сату шеңберіндегі тауарлар, монетарлық емес алтын, жол жүрулер құрамдары, құрылыс және басқа санаттарға жатқызылмаған мемлекеттік тауарлар мен қызметтер.

Қайтаэкспорт – тауарлардың бастапқыда импортталған жай-күйімен салыстырғанда қандай да бір айтарлықтай өзгертулерсіз бұрын әкелінген елден шетел (басқа елдерде шығарылған және импорт ретінде ескерілген) тауарын шығару.

Шетелде тауарларды қайта сату резиденттің (статистиканы жасап отырған ел) резидент еместен тауарды сатып алуы ретінде айқындалады, кейін сол тауарды статистика жасайтын елге тауарды әкелмей қайта сатады.

Тауарларды сату сомасы мен сатып алу сомасы арасындағы айырма шетелде тауарларды қайта сатқан жағдайда «Тауарларды шетелде қайта сату шеңберінде тауарлардың таза экспорты» бабында көрсетіледі. Тауар шығысы немесе қорлары ұлғайған жағдайда тауарларды шетелде қайта сату шеңберінде тауарлардың таза экспорты теріс өлшемді құрауы мүмкін.

Құймадағы немесе өзге қалыптардағы монетарлық емес алтын тауарлар құрамында жеке баппен көрсетіледі.

Қызметтер резиденттер резидент еместерге ұсынған қызметті және резидент еместер резиденттерге көрсеткен қызметті білдіреді. ТБ қызметтің мынадай түрлерін бөледі: басқа тараптарға тиесілі материалдық ресурстарды өңдеу бойынша қызметтер, жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызмет, көлік (пошталық қызметтер және күрьерлік байланысты қоса алғанда), жол жүру, құрылыс, сақтандыру зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қызмет, қаржы қызметтер (жанама тәсілмен өлшенетін қаржылық делдалдық қызметін қоса алғанда (ЖӨҚДҚ)), басқа санаттарға жатқызылмаған зияткерлік меншігі үшін ақы, телекоммуникациялық, компьютерлік және ақпараттық қызмет, басқа да іскерлік қызмет, жеке тұлғаларға қызмет және мәдениет пен демалыс саласындағы қызмет; мемлекеттік

тауарлар және басқа санаттарға жатқызылмаған қызметтерді қамтиды.

ТБ әдіснамасына сәйкес сыртқы экономикалық қызмет шоттарындағы қызметті көрсету уақыты оларды көрсету сәті болып табылады. Қызметті көрсету әрбір есепті кезеңде есептеу негізінде, яғни қызметті ұсынуға қарай көрінеді. Егер төлем уақыты қызмет көрсету уақытымен сәйкес келмесе, сауда аванстары (қаржы активтері мен қызмет көрсету кезінде өтелетін міндеттемелері) немесе сауда кредиттері (қаржы активтері мен қызмет көрсету кезінде туындайтын міндеттемелер) орын алуы мүмкін.

Бастапқы кірістерге қызметкерлердің еңбекақысы, инвестициялық кіріс және басқа да бастапқы кірістер кіреді.

Қызметкерлерге еңбекақы төлеу кәсіпорынмен қызметкер-жұмыс беруші қатынастарындағы жеке тұлға жүргізген өндіріс барысындағы еңбек үшін сыйақыны білдіреді. Жұмыс беруші мен қызметкер әртүрлі елдің резиденттері болып табылса, қызметкерлердің еңбекақысы сыртқы экономикалық қызмет шоттарында көрсетіледі. Қызметкерлердің еңбекақысы негізгі үш құрамнан тұрады:

- 1) ақшалай нысандағы жалақы;
- 2) табиғи нысандағы жалақы;
- 3) жұмыс берушілердің әлеуметтік

қажеттіліктерге аударымдары.

Инвестициялық кіріс – дивидендтер, қайта инвестицияланған кірістер және пайыздар, яғни тікелей, портфельдіктен, басқа инвестициялардан және резерв активтерінен болған кірістер кіретін қаржы активтерін ұсынуудан болған пайда.

Дивидендтер ұйымның басқаруына қаражат ұсыну үшін меншік иесіне капитал үлесі етіп аударылатын бөлінетін кірістерді білдіреді.

Қайта инвестицияланған кірістер тікелей инвестордың үлесін білдіреді, еншілес және қауымдастырылған кәсіпорындардың капиталындағы, кірістеріндегі оған теңбе-тең тиесілі үлесті олар дивидендтер ретінде бөледі. Кірістерді қайта инвестициялау кейбір жағдайларда, мысалы, тікелей инвестициялау кәсіпорындары зиян шеккен жағдайда немесе төленуге тиісті дивидендтер қаралып отырған кезеңде осы кезеңдегі таза кірістен артық болған жағдайда теріс өлшемді құруы мүмкін. Тікелей инвестор тарапынан тікелей инвестициялау кәсіпорынына капитал құю ретінде қарастырылатын оң қайта инвестициялау кірістеріне ұқсас теріс қайта

инвестицияланған кірістер капиталдан қаражатты алу болып саналады.

Сыйақы (пайыздар) депозиттер, борыштық бағалы қағаздар, кредиттер және қарыздар және басқа да дебиторлық немесе кредиторлық берешектерді басқа институционалдық бірліктің басқаруына беру үшін осыған ұқсас берілген қаржы активтерінің белгілі бір түрлерін иелерінің алуына жататын инвестициялық кіріс нысанын білдіреді. Пайыздар есептеу принципі бойынша көрсетіледі, яғни өтелмеген сомаға уақыт өте кредиторға үздіксіз есептелетін ретінде көрсетіледі.

Сақтандыру және зейнетақы полистерін және сақтандыру кепілдіктерін ұстаушылардың шотына жатқызылатын инвестициялық кіріс зейнетақы алуға құқықтары бойынша төлемге кірістерді және техникалық резервтер нысанында сақтандыру және стандартты кепілдіктер бағдарламалары шеңберінде олардың талаптарына полистерді ұстаушылардың пайдасын білдіреді.

Басқа да бастапқы кірістер өндіріске және импортқа салықтарды, субсидия мен рентаны қамтиды

Қайталама кірістер шоты резиденттер мен резидент еместер арасындағы трансферттерді көрсетеді. Орнына ағымдағы трансферттер экономикалық құны бар басқа объектіні алмай тауар, қызмет, қаржы активін немесе басқалай өндірістік емес актив ұсынуға сәйкес келетін операциялардың өтейтін жазбаларды білдіреді. Осы бап гранттарды, гуманитарлық және техникалық көмекті, түрлі халықаралық және мемлекетаралық ұйымдарға үкіметтік жарналарды, салықтар және жеке тұлғалардың өтеусіз аударымдарын қамтиды. Ағымдағы трансферттер алатын немесе өндіретін институционалдық секторлар бойынша жіктеледі. Қайталама кірістер шотының сальдосы түсімдердің жалпы сомасы мен төлемдердің жалпы сомасының айырмасын білдіреді.

Капиталмен операциялар шоты.

Капиталмен операциялар шоты резиденттер мен резидент еместер арасындағы туынды емес қаржылық емес активтермен және капиталдық трансферттермен кез келген сыртқы экономикалық операцияларды қамтиды. Туынды емес қаржылық емес активтер табиғи ресурстардан, жалдау келісімшарттарынан,

шарттарынан және лицензиялардан және маркетингтік активтерден тұрады.

Күрделі трансферттер активтерге (ақша қаражаты мен тауар-материалдық қорларды қоспағанда) меншік құқығы бір тараптан екінші тарапқа өтетін немесе активтерді (ақша қаражаты мен тауар-материалдық қорларды қоспағанда) сатып алу немесе иесіздендіру бойынша бір немесе екі тарапқа да салынатын немесе міндеттемені кредитор кешірген жағдайдағы трансфертті білдіреді.

Қаржы операцияларының шоты.

Қаржылық шотта резиденттер мен резидент еместер арасындағы қаржы активтерімен және міндеттемелермен операциялар көрсетіледі.

Қаржылық шот қаржыландырудың таза халықаралық операцияларында қолданылатын функционалдық санаттар, секторлар, құралдар және өтеу мерзімдері туралы ұғымды береді. Сыртқы экономикалық қызмет шоттарындағы қаржы активтері мен міндеттемелерінің ағындары таза негізде көрсетіледі. Активтер мен міндеттемелерді қайта бағалау салдарынан сыртқы берешектің өзгеруі қаржылық шотта көрсетілмейді. Қаржылық шот бойынша жазбалар тауарлар, қызметтер, кірістер, капиталмен операциялар шоттары бойынша немесе қаржылық шоттың басқа баптары бойынша операцияларға қатысты байланыстырушы жазбалар бола алады.

Қаржылық шотта «активтер» және «міндеттемелер» дегеннің орнына «қаржы активтерін таза сатып алу» және «міндеттемелерді таза қабылдау» деген атаулар қолданылады. «Плюс» деген белгісі бар өзгеріс активтер мен міндеттемелердің ұлғаюын, ал «минус» деген белгісі бар өзгеріс активтердің немесе міндеттемелердің азаюын көрсетеді.

Қаржы активтері резиденттердің резидент еместерге қойылатын талаптардан және монетарлық алтын құрамындағы «құймадағы алтын» құрамынан тұрады.

Талап теңестірілетін міндеттемеге сәйкес келетін экономикалық активтің туындауына себепші болатын қаржы құралдары болып табылады.

Қаржылық шотта активтер мен міндеттемелер функционалдық белгісі бойынша, мынадай негізгі құрамдар: тікелей инвестициялар, портфель инвестициялары, туынды қаржы құралдары және қызметкерлер үшін акцияларға опциондар, басқа

инвестициялар және резерв активтері бойынша жіктеледі.

Тікелей инвестициялар бір елдің резиденті бақылауды жүзеге асыратын және басқа елдің резиденті болып табылатын кәсіпорынды басқаруға айтарлықтай ықпал ету деңгейіне ие трансшекаралық инвестиция санаты (оны тікелей инвестициялау кәсіпорнын басқаруда он немесе одан да көп дауыспен қамтамасыз ететін капиталға қатысу құралдарына ие). Тікелей инвестициялар тікелей инвестициялау кәсіпорнына тікелей инвестордың инвестициясына, өзінің меншікті тікелей немесе жанама инвесторына тікелей инвестициялау кәсіпорынының кері инвестициялауға және резидент және резидент емес тел кәсіпорындары арасындағы инвестицияларға жіктеледі.

Қаржы құралының түрі бойынша тікелей инвестициялармен операциялар капиталға қатысу құралдарына және инвестициялық қорлардағы үлестерге, кірістерді қайта инвестициялауға және борыштық құралдарға бөлінеді.

Кері инвестициялау тікелей инвестициялау кәсіпорны кредитке қаражат ұсынған немесе өзінің немесе жанама тікелей инвесторының капиталына қатысу құралын, ол осы тікелей инвесторда он немесе одан да көп дауыспен қамтамасыз ететін капиталға қатысу құралдарына ие болу талабымен сатып алған жағдайларда туындайды.

Тел кәсіпорын – бұл бір тікелей немесе жанама инвестордың бақылауында немесе ықпалында тұрған, алайда бір-бірін ешқандай бақыламайтын немесе ықпалы жүрмейтін кәсіпорын.

Портфель инвестициялары тікелей инвестицияларға немесе резерв активтеріне кіретіндерден басқа, капиталға қатысуды қамтамасыз ететін борыштық бағалы қағаздармен немесе бағалы қағаздармен байланысты операциялар кіреді.

Туынды қаржы құралдары және қызметкерлерге арналған акцияларға опциондар басқа нақты (базалық) құралға тәуелді және олардың көмегімен қаржы нарықтарында базалық құралға қарамастан нақты қаржы тәуекелдерінің саудасын жүзеге асыру мүмкін болатын (пайыздық және валюталық тәуекел, акциялар мен тауарлар бағасының ауытқуына байланысты тәуекел, кредиттік тәуекел және т.б.) қаржы құралдары болып табылады. Туынды қаржы құралдары

форвард келісімшарттарына және опциондарға бөлінеді.

Басқа инвестицияларға капиталға қатысудың басқа құралдары, қолма-қол валюта және депозиттер, кредиттер және қарыздар, сақтандыру, зейнетақы бағдарламалары және стандартты кепілдіктердің бағдарламалары, сауда кредиттері және аванстар, басқа да талаптар мен міндеттемелер, қарыз алудың әлеуметтік құқықтары кіреді.

Капиталға қатысудың басқа құралдары, олар тікелей инвестициялар немесе резерв активтері болып табылмаған жағдайларда басқа инвестицияларға жататын болады. Бағалы қағаздар нысаны жоқ қатысудың басқа құралдары портфель инвестицияларына кірмейді.

Резервтік активтер – ақша-кредитті реттеу органдарының еркін басқаруындағы және олар ТБ қаржыландыру қажеттілігін қанағаттандыру, валютаның айырбас бағамына ықпал ету үшін валюта нарықтарында басқыншылықты жүргізу мақсатында және басқа да тиісті мақсаттарда (валютаға және экономикаға сенімді қолдау, сондай-ақ шетелдік қарызға алу үшін негіздер ретінде) олар бақылайтын сыртқы активтер.

Төлем балансының теңдестірілмеген шоттары **таза қателер мен қалып қойғандар** деп аталады. Таза қателер мен жіберіп алғандар қаржы шотының деректері бойынша таза кредиттеу/таза қарыз алу және ағымдағы операциялардың және капиталмен операциялардың деректері негізінде алынған осыған ұқсас бап арасындағы айырма ретінде қалдық тәсілмен есептеледі.

Төлем балансының стандартты және талдамалық ұсыну түрлері бар. Стандартты ұсынымда тауарлар, қызметтер, кірістер және қаржы құндылықтарымен сыртқы экономикалық операциялар Ұлттық шоттар жүйесіне (ҰШЖ) және нәтижесінде ТБ операциялары арасындағы сальдо нөлге тең болатын басқа да макроэкономикалық статистика жүйесіне ұқсас стандартты жіктеушіге сәйкес топталады.

Талдамалық ұсыным ТБ статистикасының стандартты ұсынымының қайта құрылымдалғаны болып табылады, ол резервтер және олармен, бір жағынан және екінші жағынан басқа операциялармен тығыз байланысты баптар арасындағы базалық шектеуді жеңілдетеді.

Халықаралық инвестициялық позицияға әдіснамалық түсіндірме

Халықаралық инвестициялық позиция (ХИП) белгілі бір уақыт сәтіндегі құнды және құрылымды көрсететін статистикалық есепті білдіреді:

резидент еместерге қойылатын талаптарды және резерв активтеріне қызмет ететін құймадағы алтынды білдіретін елдің резиденттерінің қаржы активтері;

ел резиденттерінің резидент еместер алдындағы міндеттемелері.

Елдің сыртқы қаржы активтері мен міндеттемелері арасындағы айырма оң немесе теріс болуы мүмкін елдің халықаралық инвестициялық ұстанымын білдіреді.

ХИП тікелей инвестициялардан, портфель инвестицияларынан, туынды қаржы құралдарынан және қызметкерлер үшін акцияларға арналған опциондардан, басқа инвестициялардан, сондай-ақ резерв активтерінен тұрады. ХИП кезең аяғындағы көрсеткіштері ағымдағы және алдындағы кезеңдердегі операциялардың және басқа да ағындардың нәтижелері болып табылады. ХИП туралы интеграцияланған есеп ХИП шоттарынан, қаржылық шоттан және қажы активтеріндегі және міндеттемелердегі басқа өзгерістер шотынан тұрады.

Басқа да ағындар – бұл резиденттер мен резидент еместер арасындағы операциялардан қарағанда басқа себептерден туындаған активтер мен міндеттемелер көлемінің, құнының немесе жіктеуінің өзгеруі. Басқа

ағындарға талдамалық мақсатта екі кең санат шеңберінде көрінетін активтердегі және міндеттемелердегі түрлі өзгерістер жатады:

1) активтер мен міндеттемелердің көлеміндегі басқа өзгерістер институционалды бірліктер арасында өзара іс-әрекет етудің өзара келісіміне негізделгеннен қарағанда басқа себептерге (яғни операциялармен) байланысты туындаған активтер мен пассивтер балансына жаңа активтердің түсуін және ескі активтер мен міндеттемелердің шығуын көрсетеді;

2) активтер немесе міндеттемелер бағасының өзгеруі және (немесе) валютаның айырбас бағамының өзгеруі салдарынан туындайтын актив немесе міндеттеме бойынша құнды (холдингтік пайда немесе зиян) қайта бағалау.

ХИП ТБН6 негізінде жасалады. ХИП және ТБ қалыптастыруға әдіснамалық тәсілдер толық сәйкес келеді.

ТБ және ХИП деректерін жасау тәжірибесі

Қаржы активтері мен міндеттемелерімен операциялар бойынша статистикалық есептілік сыртқы экономикалық шоттарды (ТБ, ХИП, сыртқы борыш) қалыптастыру үшін деректер көзі болады. Респонденттер ұсынатын есептілік капитал қозғалысына байланысты валюта операцияларын Ұлттық Банкте тіркеу және хабарлау нәтижелері бойынша, сондай-ақ банктердің және бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың ақпараты бойынша салыстырып тексеріледі және түзетіледі.

IV.2-қосымша

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӨЛЕМ БАЛАНСЫН ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОЗИЦИЯНЫ
ЖАСАУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ БАЗАСЫ**

Баптың атауы	Ақпарат көздері	Ақпараттың мазмұны
ТАУАРЛАР		
Экспорт (ресми статистика)	ҚР Ұлттық Экономика Министрлігінің Статистика комитеті (СК), ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (МКК)	Кеден одағына мүше мемлекеттермен өзара сауда және үшінші елдермен кедендік статистика бойынша статистикалық есептіліктің деректері
Импорт (ресми статистика)	СК, МКК	Евразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттермен өзара сауда және үшінші елдермен кедендік статистика бойынша статистикалық есептіліктің деректері
Түзетулер	ҚРҰБ, Шекара қызметі, МКК , СК Көлік кәсіпорындары	Евразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттермен өзара сауда және үшінші елдермен кедендік статистика бойынша статистикалық есептіліктің деректері , кедендік кіріс ордері бойынша өтетін операциялар бойынша деректер Елдер бойынша және жол жүру мақсатында шекарадан өткен тұлғалардың саны туралы деректер Жеке тұлғалардың ресми статистикада тіркелмейтін экспорттық-импорттық операциялар көлемін ҚРҰБ-ның бағалауы Нысандар бойынша есептілік деректері: № 2-ТБ «Резидент еместерден алынған (резидент еместерге ұсынған) көлік қызметі туралы есеп», № 5-ТБ «Резидент емес көлік кәсіпорындарына ұсынылған қызметтер туралы есеп» ҚРҰБ-ның тауарларды импорттау кезінде ҚР шекарасына дейін тасымалдауға және сақтандыруға жұмсалған шығыстарды бағалауы
Монетарлық емес алтын	ҚРҰБ, СК, МКК	ҚРҰБ қаржылық есептілігінің бастапқы құжаттарының деректері, Евразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттермен өзара сауда және үшінші елдермен кедендік статистика бойынша статистикалық есептіліктің деректері
ҚЫЗМЕТТЕР		
Басқа санаттарға жатқызылмаған жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер	Сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар	«Резидент еместермен халықаралық операциялар туралы есеп» №10-ТБ нысан бойынша бастапқы статистикалық деректері
Көлік қызметтері	Көлік кәсіпорындары ҚРҰБ	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: № 2-ТБ «Резидент еместерден алынған (резидент еместерге ұсынған) көлік қызметі туралы есеп», № 3-ТБ «Резидент еместерде алынған (резидент еместер ұсынған) темір жол көлігі қызметі туралы есеп», № 4-ТБ «Резидент емес көлік кәсіпорындарының атынан жүзеге асырылған операциялар туралы есеп», № 5-ТБ «Резидент емес көлік кәсіпорындарына ұсынылған қызметтер туралы есеп» ҚРҰБ-нің жүктерді тасымалдауға шығыстарды бағалауы

Баптың атауы	Ақпарат көздері	Ақпараттың мазмұны
Жол жүрулер	Шекара қызметі ҚРҰБ банктер	Елдер бойынша және сапарға шығу мақсатында шекарадан өткен тұлғалардың саны туралы деректер ҚРҰБ-ның резиденттердің шетелге сапарларының шығыстарын және резидент еместердің ҚР-дағы шығыстарын бағалауы 2007 жылғы 1-тоқсаннан бастап – жеке тұлғалардың оқуға және емделуге байланысты, төлемдер мақсатының және экономика секторлары кодтарын қолдану және төлемдер бойынша мәліметтерді ұсыну № 388 ережесінің (бұдан әрі - № 388 Ереже) 3-қосымшасы бойынша қалыптастырылған статистика деректері
Байланыс қызметі	Байланыс кәсіпорындары Сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: ♦ № 6-ТБ «Резидент еместерден алынған (резидент еместер ұсынған) байланыс қызметі туралы есеп», ♦ №10-ТБ.
Мемлекеттік қызметтер	мемлекеттік органдар, банктер	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: ♦ № 7-ТБ «Мемлекеттік басқару секторының халықаралық операциялары, сыртқы активтері және міндеттемелері туралы есеп», ♦ № 9-ТБ «Резидент еместерге қаржылық талаптардың жай-күйі туралы есеп және олардың алдындағы міндеттемелер»
Басқа да халықаралық қызметтер	сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, бағалы қағаздардың кәсіби қатысушылары, банктер, ҚР Қаржы министрлігі (ҚР ҚМ), сақтандыру ұйымдары, ҚРҰБ	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: ♦ № 9-ТБ, ♦ №10-ТБ, ♦ №15-ТБ «Резидент еместермен бағалы қағаздар бойынша халықаралық операциялар туралы есеп» ♦ № 14-ТБ «Қазақстан Республикасының ресми шетелдік заемдары бойынша есеп», ♦ № 11-ТБ-ЖС «Резидент еместерді сақтандыру (қайта сақтандыру) және «жалпы сақтандыру» саласы бойынша резидент еместердегі тәуекелдерді қайта сақтандыру туралы есеп», ♦ № 11-ТБ-ӨС «Резидент еместерді сақтандыру (қайта сақтандыру) және «өмірді сақтандыру» саласы бойынша резидент еместердегі тәуекелдерді қайта сақтандыру туралы есеп» Нысандар бойынша әкімшілік деректері: ♦ «Коммерциялық кредиттерді, қаржы заемдарын игеру және қызмет көрсету туралы есеп» №154 ҚР-да валюта операцияларын жүзеге асыру ережесінің (бұдан әрі – № 154 Ереже) № 7 қосымшасы, ♦ 2007 жылғы 1-тоқсаннан бастап - №388 ереженің 3-қосымшасы бойынша қалыптастырылатын жеке тұлғалардың төлемдері бойынша. ҚРҰБ резидент еместермен жасаған келісімшарттар туралы мәліметтер.
БАСТАПҚЫ КІРІСТЕР		
Қызметкерлерге еңбекақы төлеу	Сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік дамыту министрлігі	№10-ПБ нысаны бойынша бастапқы статистикалық деректер, ресми емес түрде жұмыс істейтін еңбек иммигранттарының жалақысын бағалау, лицензиаттар арқылы шет елге жұмысқа кеткен резиденттердің жалақысын бағалау
Инвестициялық кіріс		
тікелей инвесторлардан кірістер	Сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар,	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: ♦ № 1-ТБ «Резидент еместерге қаржы талаптары және олар алдындағы міндеттемелер туралы есеп»,

Баптың атауы	Ақпарат көздері	Ақпараттың мазмұны
	шетелдік қатысуымен бірлескен кәсіпорындар, мемлекеттік органдар, шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары, банктер	№ 9-ТБ Нысандар бойынша әкімшілік деректері: № 154 Ереженің «Резидент клиенттердің тапсырмалары бойынша (пайдасына) жүргізілген валюталық операциялар бойынша ақша төлемдері және (немесе) аударымдары туралы есеп» № 2 қосымшасы, № 154 Ереженің «Инвестициялау объектісінің капиталында қатысу бойынша есеп» № 8 қосымшасы, - Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент еместердің валюта операцияларының мониторингін жүзеге асыру ережесінің «Өнімді бөлу туралы келісім бойынша шығындарды өтеу және пайданы бөлу туралы мәліметтер» № 6 қосымшасы (бұдан әрі - № 122 Ереже).
портфель инвестицияларынан кірістер	банктер және бағалы қағаздардың басқа эмитенттері (иелері), бағалы қағаздарға кәсіби қатысушылар, ҚРҰБ	Нысандар бойынша әкімшілік деректері: № 154 Ереженің № 8 қосымшасы, № 154 Ереженің «Валюталық шарт бойынша ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» № 9 қосымшасы бойынша тіркеуге, хабарлауға ұсынылатын шарттар және кәсіпорындардың есептері бойынша деректер. Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: №1-ТБ № 9-ТБ, № 15-ТБ, ҚРҰБ қаржылық есептілігінің бастапқы құжаттарының деректері
басқа инвестициялардан кірістер	ҚР ҚМ, сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, банктер, ҚРҰБ	Нысандар бойынша әкімшілік деректері: № 154 Ереженің «Валюта операциясы туралы тіркеу куәлігін/хабарлама алуға арналған өтініш» 6-қосымшасы, № 154 Ереженің 7-қосымшасы, Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: № 1-ТБ, № 9-ТБ, № 14-ТБ, № 11-ОБ «Резидент еместерден тартылған қаржылық заемдар және коммерциялық кредиттер туралы есеп». - ҚРҰБ қаржылық есептілігінің бастапқы құжаттарының деректері
резерв активтерінен кірістер	ҚРҰБ	ҚРҰБ қаржылық есептілігінің бастапқы құжаттарының деректері
Басқа бастапқы кірістер	мемлекеттік органдар	7-ТБ нысаны бойынша бастапқы статистикалық деректер.
ҚАЙТАЛАМА КІРІСТЕР		
Мемлекеттік басқару органдары	мемлекеттік органдар, ММК, сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, ҚРҰБ	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: № 7-ТБ, №10-ТБ - Кедендік статистика (гуманитарлық көмек), - ҚРҚМ Статистикалық бюллетені ҚРҰБ қаржылық есептіліктің бастапқы құжаттарының деректері
Қаржылық ұйымдар, қаржылық емес ұйымдар, үй шаруашылығы және ҮШКЕҰ		
Жеке трансферттер	банктер, «Қазпошта» АҚ	№388 ереженің 3-қосымшасы бойынша қалыптастырылатын төлемдер статистикасының деректері. 2009 жылдан бастап – ақша аударымдарының жүйелері бойынша банктердің деректері негізінде ҚРҰБ-нің бағалауы

Баптың атауы	Ақпарат көздері	Ақпараттың мазмұны
		және №388 ереженің 3-қосымшасы бойынша қалыптастырылатын төлемдер статистикасының деректері.
Басқа да трансферттер	ҚР ҚМ, сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, банктер	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: ◆ № 9-ТБ, ◆ № 10-ТБ ◆ № 11-ТБ-ЖС, ◆ № 11-ТБ-ӨС, №154 Ереженің № 7 қосымшасы нысаны бойынша әкімшілік деректері
КАПИТАЛМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР ШОТЫ		
Өндірілмеген қаржылық емес активтердің жалпы шығуы	кәсіпорындар	№154 Ереженің № 9 қосымшасы нысаны бойынша әкімшілік деректері
Капитал трансферттері		
Мемлекеттік басқару органдары	мемлекеттік органдар, МҚК	№ 7-ТБ нысан бойынша бастапқы статистикалық деректер, Кедендік статистика (гуманитарлық көмек).
Қаржылық ұйымдар, қаржылық емес ұйымдар, үй шаруашылығы және ҮШКЕҰ		
Қарызды кешіру	кәсіпорындар	№154 Ереженің № 7 қосымшасы нысаны бойынша әкімшілік деректері
Басқа да трансферттер	экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар	№ 10-ТБ нысан бойынша бастапқы статистикалық деректер.
ҚАРЖЫЛЫҚ ШОТ Қаржы активтері және міндеттемелері жөніндегі бастапқы статистикалық есептілік халықаралық инвестициялық позицияны және сыртқы борышты жасау үшін де деректер көзі болады. Респонденттер ұсынатын есептілік Ұлттық Банктегі валюта операцияларын тіркеу және лицензиялау шеңберінде келіп түскен, қосымша ақпарат көздері (банктер, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары, БАҚ және т.с.) бойынша салыстырып тексеріледі және түзетіледі.		
ТІКЕЛЕЙ ИНВЕСТИЦИЯЛАР	экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, шетелдік қатысы бар ұйымдар, шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары, мемлекеттік органдар, банктер	Нысандар бойынша әкімшілік деректер: ◆ №154 Ережеге 2-қосымша, ◆ №154 Ережеге 8-қосымша, ◆ №154 Ережеге 9-қосымша, ◆ №122 Ережеге 6-қосымша. Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: ◆ № 1-ТБ, ◆ № 7-ТБ, ◆ № 9-ТБ. Мемлекеттік акциялар пакеттерін және мүліктік кешендерді сату туралы мәліметтер
ПОРТФЕЛЬ ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫ	банктер, бағалы қағаздардың басқа эмитенттері (иелері), бағалы қағаздарға кәсіби қатысушылар, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі", ҚРҰБ	Нысандар бойынша әкімшілік деректер: ◆ №154 Ережеге 8-қосымша, ◆ №154 Ережеге 9-қосымша, ◆ №154 Ережеге 10-қосымша «Жарғы капиталына қатысу, бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша есеп» Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: ◆ № 1-ТБ, ◆ № 9-ТБ, ◆ № 15-ТБ. Орталық депозитарий ақпараты. ҚРҰБ қаржылық есептіліктерінің бастапқы құжаттарының және ҚР Ұлттық Қорының активтерін сенімгерлікпен басқару бойынша есептердің деректері.
БАСҚА ИНВЕСТИЦИЯЛАР		
Үкіметтік қарыздар	ҚР ҚМ	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: ◆ № 7-ТБ,

Баптың атауы	Ақпарат көздері	Ақпараттың мазмұны
		♦ № 14-ТБ.
Басқа несиелер, қарыздар	мемлекеттік органдар, организации, экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, банктер	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: ♦ № 1-ТБ, ♦ № 7-ТБ, ♦ № 9-ТБ, ♦ №11-ОБ, ♦ №14-ТБ, ♦ №17-ТБ «Резидент еместерге берілген кредиттер туралы есеп». 154 Ережеге 7-қосымша нысаны бойынша әкімшілік деректер.
Сауда кредиттері	экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, мемлекеттік органдар	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: ♦ № 1-ТБ, ♦ № 7-ТБ.
Валюталар мен депозиттер	экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, мемлекеттік органдар, банктер, ҚРҰБ,	Нысандар бойынша әкімшілік деректер: ♦ №154 Ережеге 2-қосымша, ♦ №154 Ережеге 11-қосымша «Шетел банктерінің шоттарындағы қаражаттардың қозғалысы туралы есеп». Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: ♦ № 1-ТБ, ♦ № 7-ТБ, ♦ № 9-ТБ. ҚРҰБ қаржылық есептіліктің бастапқы құжаттарының деректері.
Басқа да активтер мен міндеттемелер	экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, банктер, мемлекеттік органдар	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: ♦ № 1-ТБ, ♦ № 7-ТБ, ♦ № 9-ТБ, ♦ № 11-ОБ, ♦ № 14-ТБ. Жеке тұлғалардың қолма-қол шетел валюталарының жіктелмеген операцияларын ҚРҰБ бағалауы
РЕЗЕРВТІК АКТИВТЕР	ҚРҰБ	ҚРҰБ қаржылық есептіліктің бастапқы құжаттарының деректері.

IV.3-қосымша

Төлем балансының талдау индекстері мен бағалау көрсеткіштерін есептеу әдістемелері

1. «Бақал» сауданың көлемін бағалаудың әдістемелік қағидадары

Қазақстанның сыртқы сауда айналымының айтарлықтай бөлігі «бақал» саудаға – ұйымдаспаған, яғни ресми кеден статистикасына жатпайтын, жеке тұлғалардың сыртқы сауда операцияларына тиесілі. Қазақстанның Ұлттық Банкі сауда балансы бабына қосу үшін мұндай операцияларды қамту бойынша қосымша есептеу ретінде бағалайды.

Кейін қайта сату мақсатымен жеке тұлғалар әкелген/әкеткен тауарлардың құнын жиынтық бағалау олар импорттайтын және экспорттайтын тауарлардың орташа құны мен «бақалшылар санының» көбейтіндісі ретінде есептеледі.

